

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор: Оспанова Б.Қ. – Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры

Редактор: Нұрсейтова А.Н. – Ұйымдастыру-аналитикалық жұмыстар қызметінің жетекшісі

Құрастырушылар: Рахимжанова Г.Т. – Ғылыми-әдістемелік қызметінің топ жетекшісі, Кривков А.Л. – т.ғ.к., Ғылыми-әдістемелік қызметінің кітапханашысы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының реферативтік журналы – қазақстандық, сондай-ақ шетелдік авторлардың Қазақстан туралы жариялаған еңбектерінің рефераты негізінде құрастырылатын ақпараттық жалғасты басылымның нұсқасы.

Рефераттар жазу үшін ҚР Ұлттық кітапханасының қорына қазақ және орыс тілдерінде келіп түскен құжаттар: монографиялар, мерзімді және жалғаспалы басылымдар, конференция материалдары, ғылыми мақалалар жинақтары және басқа да баспа басылымдар пайдаланылады.

Рефераттар Мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпараттардың рубрикаторы (МҒТАР) және Әмбебап ондық жіктеуге (ӘОЖ) сәйкес орналастырылады және рефератталатын құжаттың библиографиялық сипаттамасын, ӘОЖ кодын және МҒТАР айдарының кодын, реферативтік журналдың шыққан нөмірі мен жылын, рефераттың реттік санын қамтиды. Мәселен, ӘОЖ 1. 02.02.21.001. жазбасы мынаны білдіреді: 1 – ӘОЖ коды (Философия). 02 – МҒТАР айдары (Философия). 02 – Реферат журналы шығарылымының нөмірі. 21 – (2021 жылы шыққан). 001 – (Рефераттың реттік нөмірі).

Реферативтік журналдың құрылымы негізгі бөлімнен, яғни, реферат мәтіндерінен, сонымен қатар Есімдер көрсеткішінен, Рефератталатын материалдардың дереккөздер тізбесінен тұрады. Мазмұнында журналдың тақырыптық құрылымын көрсететін МҒТАР айдарларының бөлімдері мен кіші бөлімдері берілген.

Реферативтік журнал (6-серия: «Қоғамдық ғылымдар» жылына екі рет; 7-серия: «Мәдениет. Тіл білімі. Әдебиет. Өнер» – жылына бір рет) электронды форматта шығады және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сайтында www.nlrk.kz орналастырылады.

Реферативтік журналдың «Қоғамдық ғылымдар» сериясының 2-ші шығарылымында тарих, археология, этнография, әлеуметтану, демография, заң, саясат және басқа ғылымдар бойынша рефераттар ұсынылған.

Реферативтік журнал зерттеушілерге, ғылыми қызметкерлерге, ЖОО оқытушыларына, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, кітапханашыларға, сонымен қатар, Қазақстан туралы жаңа әдебиетке қызығушылық танытқан оқырмандарға арналған.

Редакция алқасы реферативтік журналдың мазмұны жөніндегі ескертулер мен ұсыныстарды мына мекен-жайға жіберуді өтінеді: 050013, Алматы, Абай даңғылы, 14, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Ұлттық библиография қызметі, тел.: +7(727)267-28-63, e-mail: nbibliografia@mail.ru

РЕФЕРАТИВТІК ЖУРНАЛ

Қоғамдық ғылымдар

№ 2

Алматы, 2021

02 ФИЛОСОФИЯ

ӘОЖ 1

02.02.21.001. **Әбу Насыр әл-Фараби:** энциклопедия / бас ред. Ғ. Мұтанов . – Алматы: Қазақ Университеті, 2020. – 680 б. + 20 б. жапсырма

Қазақ даласынан шыққан отырарлық ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби – ғылым мен білімнің барлық саласы бойынша айтулы еңбектер қалдырған энциклопедист-ғалым, кемеңгер философ, дарынды математик, астролог, музыка теоретигі, шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы болумен бірге ежелгі грек ойшылы Аристотельдің шығармаларына алғаш рет ғылыми түсініктеме беріп, «Екінші ұстаз» атанғаны белгілі.

Әбу Насыр әл-Фараби орта ғасырлардағы Фараб (Отырар) қаласында әскербасының отбасында 870 жылы дүниеге келіп, 950 жылы Сирияның Шам қаласында қайтыс болған. Бала Әбу Насырдың білім-ғылымға бет бұруы тегін емес. Ол тұста түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Отырар қаласында Мысырдағы Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхананың болуы да оның болашағына жол сілтеуі бек мүмкін. Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара қалаларында оқыған ол жасөспірім шағында Жібек жолы бойымен Арабияға сапар шегіп, қалған өмірін сонда өткізеді. Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдат шаһарларында білім алады.

әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында «Екінші Ұстаз» атауына ие болды. әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары - философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат» деп аталады. Оның атақты «Музыка туралы үлкен трактат» атты шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топика» және т.б. көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды. Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғалымдардың шығуы», «Бақытқа жету», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады.

Тарихи деректерге карағанда, әл-Фараби 70-ке жуық тіл біліп, философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка, астрономия, астрология салалары бойынша жүз алпыстан аса зерттеулерін жазып қалдырған. Олардың ішінде бүгінгі таңда өзектілігін жоймаған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Ғылымдар тізбегі», «Музыканың үлкен кітабы», «Бақытқа жол сілтеу» тәрізді трактаттары әлемдік ғылыми ортада кеңінен танымал. Әбу Насыр әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болуы керек деп есептейді. Өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. Жетік философ теориялық ғылымдарды да білуге, бұл ғылымдарды басқа ғылымдарда да қолдана білуге тиіс. Платон мен Аристотель нағыз философқа әкімнің міндеттері жүктелуге тиіс деп санады, бірақ Платонның пікірінше философ өзгермейтін ақиқаттарды меңзеп, мемлекетті басқаруды жоғары мақсатқа жетуге бөгет жасайтын ауыртпалық деп есептейді, ал Әбу насыр әл-Фараби, керісінше, тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада ол дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше, дін философияға ұқсас: екеуі де жоғары ұстанымдарға, бір заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етеді.

К.К. Қарабаев

ӘОЖ 1

02.02.21.002. **Конфуций және Кант рухани құндылықтар үндестігі** : монография / Н.Ж. Құдайбергенова ; әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 178 бет. - Библиогр. : 119 атау.

Батыс пен Шығыстың салыстырмалы философиялық ойларын компаративтік негізде қарастыру әлемдік деңгейдегі қауымдастықтың маңызды мәселелерін танып-түсінуде ықпалын тигізеді. Философиялық еңбектерде рухани-адамгершілік құндылықтар мәселесіне алғаш еңбек жазған Шығыста Конфуций болса, Батыста Аристотельден бастау алған көптеген ойшылдардың бірі – Иммануил Кант. Конфуцийдің саяси-этикалық ілімі бойынша қалыптасқан қағида-ережелер Қытай елінің қуатын нықтаған, халқының мәртебесін көтерген рухани дүниелер болып саналады.

Бүгінгі күні конфуцийлік қағида-ережелер мен оның философиялық ой-тұжырымдарын бүкіл әлем халықтары мойындап, өз таным-түсініктерінен өткізуде. Конфуций қалыптастырған ұғымдық тұжырымдар санаға қуатты ықпал етіп, киелі мұраға айналууда. Конфуцийдің тарихи мұраты адамзат баласының кемелдену деңгейін көрсетіп, өзін жағымсыз әдеттерден алшақ ұстау арқылы, адам бойындағы көркем мінез-құлық үлгілерімен айқындалады. Адамның рухани кемелденуі, адам болып қалыптасуы өзіне ғана сену емес, ең бастысы Аспанның қайырымы мол мейірімі, даналардың өсиеті дегенді ұқтырады. Сол сияқты И.Кант жасаған кесімді императив үлгісі де адамзаттық құндылықтар үлгісі ретінде маңызға ие. И.Кант жасаған ой-тұжырымдар бүкіл адамзат қауымына айтылған өсиет. Оның философиясындағы ойдың мақсаты – адам санасының мүмкіндіктері, оның өмір сүру практикасының зерделілік қуаты. Конфуций мен Канттың этикалық мәселелері адам зердесіне, қиялына, ойға түйген әдептілік негіздері, адамдық қалыптың өзіндік типін белгілі дәрежеде кемелдікке көтеруге деген талпыныстар. Сондықтан әлем жұртшылығының Конфуций мен Кант еңбектеріне деген қызығушылық қуаты мол. Ғалымдардың пайымдауынша, Шығыс пен Батыстың философиялық дәстүрлерін қарама-қарсы қою бағыты бұрын болған еді. Соңғы онжылдықтарда бұл дәстүр диалог пен синтезге сәйкес бағытталғанын айтуға болады. Шығыс пен Батыс арасындағы рухани-адамгершілік құндылықтар сұхбаттастығын қайта жаңғыртып, әртүрлі дәуірлерде өмір сүрген Конфуций мен Кант сияқты ойшылдар жалпыадамзаттық мәселелерді зерттеді. Рухани құндылықтар, адамгершілік, жан тазалығы, кемелділік сияқты мәселелер туралы үндес, сабақтас ой-тұжырымдар жасады. Конфуций мен И. Кант жасаған философиялық-этикалық тұжырымдар – әлемдік деңгейдегі мәдениеттер мен өркениеттер сұхбаттастығын-

да оң ықпалын тигізетін рухани қазына. Рухани қазына-құндылықтар барша адамзат баласының негізгі игілік көзіне айналуы тиіс. Сондықтан екі философ еңбектерінің әлемдік құндылықтарға қосқан үлесі зор, ақиқат деп айтуға әбден болады.

А.К. Рахимова

03 ТАРИХ. ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӘОЖ 93/94

03.02.21.003. Абайдың ақын ұлдары : Ақылбай, Мағауия, Турағұл, Әубәкір /Жүнісбеков Б.Ж. ; ҚР Ұлттық кітапханасы ; жалпы ред. басқ. Б. Оспанова. – Алматы : Асыл кітап, 2020. – 1004 б. – Библиограф. : 50 атау.

Адамзаттың ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармалары қазақ халқының мәңгілік мәртебесі мен мақтанышы. Олар, сондай-ақ, заманалар көшінде уақыт озған сайын бағасы арта берер асыл қазына. Әдебиет пен өнердің, ғылым мен білімнің дамуына зор үлес қосқан ұлы тұлғаның «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысының» құдіреті де осында. Бұл жинақта автор ұлы даланың ұлы ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының дарынды ұлдары Ақылбай, Мағауия, Турағұл мен немересі Әубәкір Ақылбайұлының өмірі мен шығармашылықтары туралы мақалалар мен эсселерді топтастырып жазған. Кітапқа ақынның ұлдары Ақылбай, Мағауия, Турағұл мен немересі Әубәкір Ақылбайұлының көркем туындылары және олардың өмірі мен шығармашылықтары туралы зерттеулер, эсселер мен мақалалар топтастырылған. Жинаққа – ғұлама Мұхтар Әуезов, көрнекті абайтанушы-ғалым Қайым Мұхамедханұлының еңбектері арқауы болған. Абайдың ақын ұлдарының өлеңдері мен аудармалары берілген.

Болат Жүнісбекұлы - Абай Құнанбайұлының дарынды ұрпақтарына жеке-жеке тоқталып, өмірі мен шығармашылығындағы маңызды әлеуметтік маңызын ашып көрсетеді. Автор, Ақылбай – Абайдың он алты жасында дүниеге келген, алғашқы әйелі – Ділдәдан туған баласы деп анықтап көрсеткен. Сонымен қатар, Ақылбай бала кезінен Абайдың әкесі Құнанбайдың кенже баласы атанып, оның төртінші әйелі, ең соңғы тоқалы – Нұрғанымның қолында өскендігін дәлелмен көрсеткен. Автор, осындай тәрбиеге байланысты Ақылбай Абайға көбінесе өзінің туған әкесі емес, інісі ретінде қарағандығын айтады. Болат Жүнісбекұлы «Ақылбай жас күнінен талантты домбырашы, өлеңші, сауықшыл әнші, скрипкашы болған», - деп хабарлайды.

Ұлы ақын Абайдың ұрпақтарының бірі – Мағауия туралы автордың зерттелген, дәлелденген деректері өте көп. Соның бірі – оның өмірі мен ақындық қызметі жайында жазылған ақпараттары. Мағауия – Абайдың алғашқы әйелі Ділдәдан туған кенже баласы. Автор Абайдың: «Баламды медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім», - деген пікірін қосқан. Мағауияның оқуға аса қабілетті, зерек болғандығын аңғаруымызға болады. Автордың зерттеуі бойынша, Абайдың ерекше жақсы көрген, үлкен үміт күткен, ең талантты да талапты баласы болған екен. Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған тұңғыш баласы – Турағұл (Тураш). Автор Турағұлдың аты елге белгілі болғанымен, оның өмір жолы әлі де толық зерттелмегенін ашып айтады. Турағұлдың басқа ұлдарынан айырмашылығы ретінде, әкесі жайында естелігін үлкен әңгіме етіп қалдырғандығын айтады.

Жаратылысынан сәулелі тұлға ұлттық қана емес, әлемдік ғылым мен мәдениеттің қайнарларынан сусындады. Адамзаттың даму жолын жаһандық ой мен жасампаз парасат биігінен саралап, барша адам баласын бауыр, дос көруді аманат етті. Туған қазағының үнемі өсіп, өркендеп өзге халықтармен терезесі тең болуын армандады. Бұл орайда ақын өз өсиетін, әсіресе елінің болашағы жастарға арнайды: «Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...»

Осылайша келешегімен кеңесіп, оларға білім мен ғылымды, адал еңбек пен адамгершілікті бақытқа жетудің баспалдақтары ретінде үлгі тұтады.

Абай мектебінен ақынның өз балалары да жан-жақты тәлім-тәрбие алды, тіпті бір тобы сөз патшасы – өлең өлкесінде бақтарын сынады. Олар жаңа жазба әдебиетіміздің аламан бәйгесіне ат қосып, оның алтын қорына шырайлы шығармаларынан олжа салды.

Ақылбайдың жас күнінен әкесі Абайдан аулақ өскенін, оның ақ көңіл, аңқаулығын пайдаланып, Абай дұшпандары әке мен баланың арасына от жағып, зұлымдық айла жасап, екеуін мүлде ажыратпақ та болған. Абай баласының осындай мінездеріне, жасынан көрген жағымсыз тәрбиесінен пайда болған әдеттеріне қатты кейіп, «Ата-анаға көз қуаныш» деген өлеңін (1890) жазады. Бұдан былайғы Ақылбай өмірі Абай алдында ақын шәкірт болып, өзінің талантты інілеріне ақын аға, Ақыл аға атанып өтеді. Ақылбай аса шебер музыкант, домбыра, гармонь, скрипкаға жүйрік, мақтаулы өнерпаз болады. Ақылбай Абай төңірегіндегі әржақты талантты шәкірттерінің бірі. Ақылбайдың ақындығымен бірге ән шығаратын композиторлық өнері де болған.

...Абайдың әдебиет, өнер-білім жайындағы, адамгершілік, мәдениет жайындағы өсиеті Ақылбайдың дүниеге көзін ашады. Әсіресе, орыс мәдениетінен өнеге алуы, орыс әдебиетінен үлгі алып өсуі, ақындық талантына кең жол ашады. Ақылбай Абай өсиетін тыңдап қана емес, өз бетімен орыс ақындарын оқуға, терең түсініп ұғуға қолы жетеді. Пушкин мен Лермонтов Ақылбайдың сүйікті ақындары болады. Осындай ұлы ақындарды оқып, өнеге алған Ақылбай қазақ әдебиетінде тұңғыш Кавказды жырлаған ақын.

Абайдың ерекше жақсы көрген, үлкен үміт күткен баласы Мағауия ұлы ақынның ең талантты, талапты шәкірттерінің бірі болады. Ауылда науқас болып оқи алмай қалған, бірақ аса талантты інісін оқудағы ағасы Әбіш «Мағашым» деп ерекше жақсы көріп, жан тартып, оның өнер-білімге жетілуіне үлкен көңіл бөліп, көмектеседі. Сөйтіп, Мағауияның тәрбие көрген мектебі – Абай болады. Мағауия он бес-он алты жасынан бастап өлең жазады. Бұл кездердегі өлеңі жастық, махаббат жайындағы лирикалық өлеңдер. Сол жастық махаббат тақырыбына жазылған Мағауияның алғашқы ұсақ өлеңдерінің өзінен Абай ақындығының жақсы үлгісі көрініп тұрады. Айтпақ ойды ақын тілімен жеткізіп суреттеу, тақырыптан ауа жайылмау, «бөтен сөзбен сөз арасын бұлғамай», «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, айналасы теп-тегіс, жұмыр келген» өлең болу шартын Мағауия әуелден берік ұстаған.

Турағұлдың аты елге мәлім болғанымен оның өмірбаяны әлі күнге толық зерттеліп жазылған жоқ. Біз Турағұлдың нақтылы туған жылы туралы мағлұмат, аталған естелік әңгімесінің қолжазба нұсқасында айтылған, Тураштың өз сөзінен келтіреміз: «Мен әкемнің отыз екі жасында, жастықтың алғашқы ағыны басылып, жігіт ағасы болып қалған кезінде тудым» - дейді. Олай болса 1877 жылы туған болады. Ал, естелігінің екінші бір жерінде, әкесі туралы тағы бір есте қалған әңгімесін бастар алдында: «1899 жылы менің он төрт жасымда...» деп жазады. Бұлай болғанда, 1875 жылы туған болып шығады. Қолжазбада мүлт кеткен: «Мен әкемнің 32 жасында тудым» деген сөз болуы керек-ті, дұрысы: «1889 жылы менің 14 жасымда...» дегені болады. Олай дейтініміз Турағұл дүниеден көшкенде (1934) қасында болып, өз қолынан ақырғы сапарына аттандырған, қазір көзі тірі қызы – Мәкен (1911 жылы туған): «Әкем 59 жасында қайтыс болды» - дейді. Сөйтіп, Турағұлдың дүниеге келген нақтылы уақыты 1875 жыл болады.

Кең байтақ қазақ даласының бас ақыны Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының талантты, «өлмей-тұғын іздері» боп саналатын ұлдарының аты да еңбегі де ешқашан адам санасынан шықпайтындығын, автордың осы кітабынан ұғына аламыз.

Қ.Қ. Қарабаев

ӘОЖ 93/94

03.02.21.004. **Ащысай-Кентау тұрғындары өміріндегі әлеуметтік-мәдени бірегейлік (1927 ж. ХХІ ғ.б.)** : ұжымдық монография / М. Қойгелдиев, З. Мырзатаева, Т. Далаева [ж.б.] ; Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. ун-ті ; «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы ; Қазақстан тарихшылар қауымдастығы. – Алматы : Балауса, 2020. – 464 бет ; 21 см. – (Рухани жаңғыру).

Кеңестік Қазақстан тарихында ірі өндіріс ошақтарының бірі болған Ащысай полиметалл комбинаты және соның негізінде қалыптасқан Кентау қаласы экономикалық-әлеуметтік кешен ретінде дамыған. Кітапта осы кешен тұрғындары өмірінің (1927 ж. - ХХІ ғ.б.) әлеуметтік-мәдени бірегейлігін тарихи зерттеу берілген. Зерттеуге дереккөз ретінде ресейлік, қазақстандық және өңірлік архив қорларындағы фактілік материалдар, сондай-ақ естеліктер (мемуарлық, тарихи сұхбаттар) алынған. Монография жоғары оқу орындарындағы шәкірттерге, магистрант, докторанттарға және Отан тарихына қызығушылық танытқан оқырмандарға арналған.

Кентау қаласы тұрғындарының кеңестік типтегі өңірлік бірегейлігінің қалыптасуы 1948-1970 ж. аралығында қалыптасты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдар Кентау қаласының тарихында ең маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Өйткені осы мерзім аралығында Кентау шағын ғана жұмысшы кентінен оңтүстік өңірде экономикалық әлеуметі қарыштап дамыған индустриалды қалаға айналды. Кентау қаласының тарихы - сырттан келген халықтарды қарқынды қабылдауы мен түрлі ұлт, конфессия, мәдениет өкілдерінің орнығуымен ерекшеленеді. Осы кезеңдерде корей, шешен-ингуш, татар, неміс, украин, беларус, грек т.б. 60-тан астам ұлт өкілдері келген болатын. Сталиндік қуғын-сүргін жылдары көптеген халықтар тарихи атамекенінен осы аймаққа күштеп жер аударылған. Олардың көпшілігі осында тұрақтап қалды, еңбек етіп, отбасын құрып, өсіп-өнді.

Жергілікті халықтың тұрмыс-салты, кәсібі мен менталитеті түбегейлі өзгеріске ұшырады. Жаңа қаланың ортасы, бірегейлігі мен мәдени құндылық бағдарлары қалыптасты. Автор Кентау қаласының аумағы мен халық санының өсуі, қалалық инфрақұрылымының дамуы, шаруашылықтың жаңа салаларының пайда болуы, сондай-ақ, тұрғындардың күнделікті өмір тәжірибесін зерттеуді қамтитын процесс ретінде қарастыруды міндет етіп қойған.

Қазақстанда соғыстан кейінгі жылдары бой көтерген жаңа қалаларға тән басты ерекшеліктерінің бірі - олардың басым бөлігінің шикізат кендерін өндіретін өнеркәсіп орындарының маңында орналасуы еді. Осылайша Ащысай полиметалл комбинаты бой көтерді. Қиындықтарға мойымай, жарқын болашақ үшін бел шешіп, еңбек еткен комбинат жұмысшыларының өндірістегі табыстары ескерусіз қалмады. Олар мемлекеттік наградалармен марапатталу жөнінен көш бастап тұрды. Жылдан-жылға комбинатқа қарасты кен шикізатының құрамында металл мөлшері кеміп, өндірістің экономикалық тиімділігі баяулай бастады, есесіне шикізат өндіру жоспары ұлғая түсті. Мысалы, 1941 жылдан 1996 жылға дейінгі аралықта Ащысай комбинатына қарасты кеніштерден 161 млн. тонна полиметалл кені, оның ішінде 16 млн. 700 мың тонна барит, 2 млн. 470 мың тонна қорғасын, 857 мың тонна мырыш өндірілген екен.

Р. Ж. Дүйсебаева

ӘОЖ 93/94

03.02.21.005. **Бәйдібек баба** : жинақ / құраст. С. Дәуітұлы ; жоба жетекшілері : А.Сейфулла, Т. Сейілхан. – Алматы : Полиграфкомбинат, 2021. – 208 б.

Бұл жинақта автор ақылды, қолы ашық, жомарт, қара қылды қақ жарып, әділеттілікпен билеген, ақпейіл де мейірімді, артынан қаншама мол ұрпаққа үлгі болған, дұрыс сананың қалыптасуын өрбіткен Бәйдібек баба жайлы ел естімеген қызықты деректерді дәлелдеп жазған.

Бәйдібек Қарашаұлы (шамамен XI-XII ғғ.) бұдан тоғыз жүз жыл шамасы бұрын Шығыс Қаратау өлкесінде өмір сүріп, қазіргі Алғабас ауданы, «Ақтас» жылқы зауытының жерінде дүниеден өткен. Сүйегі Балабөген өзенінің жағасында жерленген. Ежелгі кезде орнатылған мазар күмбезі сақталған.

Сәрсенбі Дәуітұлы өзінің кітабында Бәйдібектің өмірі, заманы, өскен ортасы жайлы тарихи деректемелерді әйгілі шығыс зерттеуші ғалым-этнограф Н.А.Аристов, Ш.Уалихановтың жазбалары арқылы Қазақ елінің шежіресі мен ел ішінде сақталған аңыз әңгімелерді баяндаған. Бұл деректемелер бойынша Бәйдібек – Қазақ елінің ел болып құрылуында үлкен орын алатын ежелгі Үйсін бірлестігіне кіретін Албан, Суан, Дулат, Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты ру тайпаларының түпкі атасы болғандығын анықтайды да, өз заманындағы көшпелі елдің басын біріктіріп, елді, жерді сыртқы жау шапқыншылығынан қорғауды ұйымдастырушы және бастаушы, ақылшы қолбасшы ретінде көрінетін аса ірі тарихи тұлға деп жазған болатын.

Сонымен қатар, автор бұл кітапта Бәйдібек кім, қай заманда, кім болып өткен, оның қазақ елі тарихында алатын орны қандай?, - деген сұрақтарға жауап берген. Сәрсенбі Дәуітұлы жинағында Бәйдібек Қарашаұлының «Дана би» және қазақтың атақты биі әрі хан болғандығын дәлелдейді. Бәйдібек атышулы Ақсақ Темірмен замандас, тұстас, қызметтес болғандығын айтады. Өзінің жақын туысы қазақтың да пәлсапашысы Асан Қайғы аталып кеткен дана жырау Асан Сәбитұлымен сырлас, мұндасы болған сенімді досы Бәйдібек болғандығын анықтап, жинақта дәлелдеп көрсеткен. Автор сонымен қатар, Бәйдібек бидің тапқыр да шешен сөздерді, ақыл-нақыл, мақал-мәтелдерді, өлеңдерді көптеп айтқандығын жазады. Соның бірі - жалшы мен байдың арасындағы түсініспеушілікті өлең арқылы жеңіп берген екен.

Автор жинақта Жамбыл Жабаеттың «Домалақ ене», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр» сияқты үш бірдей этикалық дастанды бір отырыста шығарғандығы туралы ерекше айтып өткен. Біздің халқымыздың шежірелері ұзақ жылдар бойы әрқалай жолдармен, әртүрлі себеп-салдармен жазылып, көбінесе ауызша таралғандығын айрықша мән беріп жазған. Күллі қазақ қауымының бір бөлшегі іспеттес Бәйдібек пен одан тараған ұрпақтар баяны бүкіл көшпенділер өмірінің тұтас бір саласы болып табылып, көп ғасырды қамтып өткенін дәлелдейді. Сондықтан өзіне дейінгі Б.Байсалұлы, А.Сатыбалдыұлы басылымдары, өзге де деректер мен мағлұматтарға сүйеніп, Бәйдібек бабаға қатысты түсін түстемеген ешқандай адамға таныс емес деректер, оның зәузаты, ата-тегі, үрім-бұтағы, ұрпақтары, өмір сүрген ортасы мен жылдарына батыл түрде барлау жасаған.

Артына қаншама мол ұрпақ өрбіткен Бәйдібек баба туралы мәліметтер өте көп, ол кісінің соншама бай болғаны, қолы ашық жомарт, қара қылды қақ жарып, әділ билік айтатыны, ақпейіл де, мейірімділігі жайлы аңыздар мол. Алайда әркім әр дәуірді меңзеп, ол кісінің өмір сүрген уақыты дұрыс анықталмаған. Осы себепті тарихшылар мен жазушылар бір тоқтамға әлі келе алған жоқ. Бұл еңбекте сол ала-құла пікірлердің бәрі болмаса да, біразы берілген. Мақсат – оқырман қауымға әйгілі би жайында толығырақ мәлімет беру. Осы кітапқа еніп отырған материалдарға мұқият зер салсақ, Бәйдібек Қарашаұлының V-VI ғасырларда өмір сүргенін анық айтуға болатындай. Бәйдібек бабамыздың да, оның өзіне дейінгі аталарының да тарихта болғандығы, өзінің өмір тарихының нақтылығы, орда ұстап, отау көтергендігі және ұлдары мен қыздарының, кейінгі үрім-бұтағының әр ғасырларда халық тарихының алтын дінгектері болып, Алаштың Ұлы Көшінде келе жатқандығы. Бәйдібек үш некелі болыпты. Бірінші әйелі Сарыбәйбішеден Байтоқты есімді бала туып, одан Түргеш (Сарыүйсін) өрбіген. Екінші әйелі Зеріптен Жалмамбет туады. Одан – Шапырашты, Ошақты, Ысты өрбіген. Үшінші әйелі – есімі исі қазаққа мәшһүр әулие Домалақ Ана. Бұл кісінің нағыз есімі – Нұрила. Домалақ Анадан Тілеуберді туады. Тілеуберді ел аузында Жарықшақ (Жарықбас) атанып кеткен. Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат өрбиді.

Бұл аталардың бәрі де іргелі ру-тайпаларға ұласып, қазақ халқының ел болып ұйысуына тікелей араласқан. Бүгінде Бәйдібек және оның заманы жайлы сөз болғанда, мына ғажап кемелді ғасырда өмір сүріп жатқан өркенді ұрпақтың да ілкі заманда өткен бұл тарихи тұлға, оның табиғи, тарихи отбасы, сол заманның бет бейнесі жайында уақыт алға тартқан сан алуан шешілмеген жұмбақ сырмен бетпе-бет келіп отырғаны анық.

Бәйдібек би: «Бұлақ көрсең, көзін аш, құдық көрсең, шегенде, оның басына тал екі» деген екен. Малын өргізіп, жайылым іздеген ауылдастарына: «Қыстау, қорған салындар. Оны тастап кетпеңдер. Оған айналып соғып, қыс қыстап, жаз жайлап жүріңдер. Аттың тұяғы жеткен жер бекер қалмасын. Төбе басына оба үйіп, қада қағып, белгі тастап отырындар», – деп өсиет айтқан. Оқырман қауым назарына ұсынылған Момыш Имашұлы мен оның баласы Бауыржан Момышұлы жазып қалдырған шежірелерінің қолжазба төлнұсқасы берілген. Автордың ескертуі бойынша: Баукеңнің әкесі жазған шежіре тізбек те қатты қысқартылып берілген. Екінші жағынан, Бауыржан Момышұлы тізген шежіре тізбек те осыларды толықтырып беруі себепті Бауыржан Момышұлы шежіресін де қысқарта отырып, оны әкесі Момыштың Жарықшақ бабамызға түсініктеме беріп, оның ұрпақтарын тарататын жерден бастап таратылуын және оның баласы Бақытжанға дейін жазған жеріне дейін берілген.

Қ.Қ. Қарабаев

ӘОЖ 93/94

03.02.21.006. **Генерал-губернатордың Қордайлық тілмәші / Ж.Қ. Қарабасов.** – Алматы : Таугуль-Принт, 2021. – 160 б.

Жетісудың XIX-XX ғасырлардағы тарихында өзіндік із қалдырған, Жетісу өңірінде алғашқылардың бірі болып орысша хат таныған тұлғалардың бірі – Базарұлы Еркебай. Кешегі Кеңес үкіметінің идеологиясы арқасында Еркебай Базарұлы ақпатша генералы мен атқамінерлерінің сойылын соғушы жау дедік. Екі ғасырдың тоғысында өмір сүрген ол патшалық Ресей мен Кеңес үкіметінің Жетісу өңірінде жүргізген іс-шараларының бел ортасында жүріп, халқының мүддесін қорғауға еңбектенді, атсалысты.

Базарұлы Еркебай 1866 жылдың 20 мамырында Сырымбет-Қарасу болыстығының Иірсу елді мекенінде шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесінен жастай жетім қалып, шешесі Жаңылдың тәрбиесінде болады. Шешесі Қордай өңірінде сауда-саттық жасап жүрген көзі ашық, көкірегі ояу Бұғылыбазар деген азаматқа тұрмысқа шығады. Еркебайды жақсы істерге баулып, өз баласындай тәрбиелеген ол Верныйда жаңадан ашылып жатқан ерлер гимназиясына Ноғайбай болысқа жүгіне отырып, тізімге жаздырып, оқуға аттандырады. Сөйтіп, 1879 жылы Верный қаласындағы Колпаковский атындағы ерлер гимназиясына оқуға түседі. 1880 жылдары Кастек пен Қордай өңіріндегі жол құрылысында әскери-инженерлік қызметте басшылық лауазымдарда болады. Талантты жас екі тілді бірдей жоғарғы деңгейде меңгергендігі мен жол құрылысындағы инженерлік қызметінен кейін жоғарғы биліктегі атқамінерлердің де көзіне түседі. Сөйтіп, Қордай уезі орынбасарының Жетісу әскери губернаторына жазған №10206 мәлімдемесіне сәйкес 29 жасында Жетісу губерниясы Қордай уезінің №4 ауылына би болып тағайындалады. 1907 жылдың 31 қаңтарында ол Ресей Думасының депутаттығына кандидат болып тіркеледі.

1910 жылғы 21 қазанда өткен Ұзынағаш съезіне қатысушы саяси элита өкілдерінің бірі Ноғайбай Дәулетбақовқа 1911 жылы маусымда Қордай өңірінде ас беріледі. Асқа қазақ-қырғыз зиялылары және Алаш қайраткерлерімен бірге Қордай болыстығынан Еркебай Базаров та қатысады. Оның тағы бір қыры - ұлтжандылығы, серілігі, өнерді танып бағалай білетіндігінде. Өзінен 20 жас кішілігі бар, ақиық ақын Кенен Әзірбаевтай інісіне ағалық ізетін көрсетіп, үлкен той-жиындарға ертіп апарып, томағасын ағытқан да сол еді. Қазақ зиялылары патша шенеуніктерінің тарапынан өздеріне қауіп туғызбау үшін, қызметіне байланысты іс-шараларға қатынасып, берген тапсырмаларын орындауға мәжбүр болған. Сондай тапсырманың бірі 1913 жылы Романовтар әулетінің патша тағына отырғанына 300 жыл толуына орай, Верный қаласында салтанатты той өткізу шарасын ұйымдастыру әрекетіне билік орындарында аудармашылық қызмет атқарып жүрген Еркебай Базаров сияқты қазақ жігіттері мен болыс басшылары тартылады. Еркебай орысша оқыған, жаңа заман, жаңа заңды жан-тәнімен түсінген әнші, күйші, ақындардың қамқоршысы, ақылшысы, әрі сауықшыл, білімді кісі болды. Өнерді танып, бағалай білетіндігінен болу керек, Жетісуға келген әнші мен ақын алдымен Ноғайбай мен Еркебайдікіне түсетін болған.

Еркебайдың үйінде Шөже, Майкөт, Жамбыл, Абай, Балуан шолақ, Шашубай да болған. Біреу біліп, біреу білмес сонау 1890 жылдары Еркебайдың бар-жоғы 24 жасында Ноғайбай бидің сенімді сыйлас адамдарының бірі болып, Сұлутөрге жесірін көруге қонаққа келген қазақтың ұлы ақыны Абайды күткен.

Еркебай Базаров 1900-1917 жылдың аралығында бірнеше рет болыстыққа тағайындалады. 1917 жылы қос үкімет орнағанда халық сайлаған болыс қана орнында отырады деген шешіммен орнынан босайды. Уезд комиссарының шешімімен баласы Інкарбек Еркебаев Қордай комиссарының орынбасарлығына ұсынылады. Кеңес дәуірі орнаған алғашқы жылдары: «Еркебай орыс патшасының өкілі, соған қызмет істеген» дейтін желеумен оның соңынан түскендер көп болды. Сол бір қысылтаяң кезде Ораз Жандосов, Токаш Бокин сияқты үкімет басшыларына айтып, оны қызғыштай қорғаған Кенен ақын болатын. Бұл жайды біреу білсе, біреу білмейді. Ол мемлекеттік жұмыстарға да белсенді араласқан қайраткер. Өткен ғасырдың 30-жылдары салынған Түркістан-Сібір темір-жолының құрылысына қатысып, жергілікті халықты жұмылдырады, көп еңбегі сінеді. Байболат, Халиман деген большевик коммунистер Еркебайдың артына түсіп қудалайды, ақырында «Ешкіліде» 1932 жылы ашаршылықтан қайтыс болады. Еркебайдың – Асқарбек, Інкарбек атты балалары, Еркетай, Жақыпбек атты бауырлары болған. Өзі ұзын бойлы, иман жүзді орысша киініп жүретін адам болған.

М.К. Абилова

ӘОЖ 93/94

03.02.21.007. **Тарихқа көзқарас.** 1-том / З. Қинаятұлы. – Алматы : Мерей, 2017. – 456 б.

Зардыхан Қинаятұлы жат елде (Моңғолия) туып, жат ортада өскен. Моңғолия мектептерінде қазақ тарихы, моңғолдың тарихы толық оқытылмаған. Тарих пәндерінің оқу программасын әлем тарихы, Ресей және Кеңестер Одағының тарихы толтырған. Ол Қазақ хандығын – Қазақ мемлекетін халық арасында мойындату үшін, «көшпенділерде мемлекет болмаған» дейтін бұрынан келе жатқан тарихи-идеологиялық ағымға үзілді-кесілді қарсы көзқарасын пайымдаған ғалым екені белгілі.

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ежелгі және орта ғасырлар бөлімінің қызметкерлері «Қазақ мемлекеттігінің тарихы (ежелгі және орта ғасырлар)» атты монографиялық еңбек жазды. Онда мемлекеттіліктің тарихи алғы шарттары, өлшемі мен типі туралы мәселелер тарихи-теориялық тұрғыдан біршама талданды. XVIII ғасырда өмір сүрген орыс тарихшысы И.Н.Болтин 1792 жылы «Русская правда» бетінде жарияланған «Орыс тарихи географиялық шежіресінің әліппесі» («Обзор исторической географии начальной летописи») атты еңбегінде «У историка, не имеющего в руках географии, встречается претыкание», қазақша айтқанда «географиясының жоқтығы тарихшыны аяғынан шала береді» деген еді. Көшпенділер мен дала егіз ұғым. Көшпенділер кең даласында емін-еркін жүргенде өзін еркін де ер сезінеді. Ал даласынан айырылса бәрінен айырылып басқаға жұтылып кетіп отырған.

Ал қазақ мемлекеттілігінің ерекшелігі сонда, ол ежелден Алтайдан Атырау, Батыс Сібірден Сырдария аралығын мекендеген байырғы жұрт. Бір шаңырақ астында бас қосып ешқайда ауып кетпей, бөгденің жерін шаппай, тек сырт жауынан қорғана жүріп түрік-прото қазақтық мемлекеттіліктің 12 баспалдағынан (Сақ, Үйсін, Қаңлы, Алан, Батыс Түрік, Түркеш, Қарлық, Қарахан, Қимақ, Қыпшақ, Ақ орда мемлекеті, Қазақ хандығы) өтіп, бір-бірінің саяси, мәдени-этникалық ара жібін үзбей жалғап, інжуін іркіп, бүгінгі күнге жеткізген жалғыз мұрагері. Көшпенділік ол тек экзотика емес, ол адамдардың өмір сүріп отырған төл табиғаты, жер-суы, ауа-райы, тұрмыс-салтына орай көк тәңірінің адамзатқа берген сыйы, өркениеттің ерекше құбылысы. Кезінде «Көшпенділерді малымен бірге өріп, бірге жусаған қауым» деп таныған немістің таңдаулы философтары Ф.Гегель және И.Кант табиғатпен тайталасып өмір сүрген қауымға европалық сырт көзбен сүзе қарамай, көшпенді халықтың өз өмірімен етене танысқан болса олар тіптен өздері де көшпенділердің

ортасында қалып қоюы мүмкін еді. Көшпенділер делінетін жұрт өзгеге ұқсамайтын сындарлы өркениет жасады. Қазақ деген ұғым адамзаттың этнопроцесіндегі аса нәзік құбылыс. Бүгін қазақ ұлт ретінде өзі-өзін жандандыру процесін басынан кешіруде. Қазақ көшіп-қонып өмір сүрді. Әуелі көне түркі, моңғол, парсы, мұсылман, соңынан Шығыс славянның Русь қанатының ықпал билігінде болды. Күллі адамзат, әсіресе оның батыс бөлегі басынан неше мәрте кешірген ренессанс дәуірін қазақ көрген жоқ. Ұлттың жұлдызы сөнбегенімен тәңірі құлдырап, тағдыры тағандаумен болды.

Автор «Көшпенділер мемлекетінің пайда болу ерекшеліктері мен типі: Қазақ мемлекеттілігін кезеңге бөлу мәселелері» атты ғылыми мақаласында көшпенділер мемлекетін типтеп көрсетеді: Тайпалар одағы, Ел, Ұлыстар. Ұлыс, елдер бірлігі немесе держава, империя деп жіктеп, әрқайсысына өздерінің тарихи тәжірибесі негізінде талдау жасай отырып, қазақ мемлекеттілігін ежелгі хұн, түрік және ортағасырлық моңғолдың ұлыстық жүйесінің трансформациялануынан өтіп, жетілген түрі. Қазақ хандығы деп пайымдауы, іс жүзінде көшпенділер мемлекеттілігінің тарихи жүйесін тұрғызып, жаңа теориямен пайымдаған. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихын алты кезеңге бөліп қарастырады: Сақ, Хұн, Үйсін дәуірі; Түрк мемлекеттері дәуірі; Моңғол ұлыстары билігі дәуірі, Ақ Орда дәуірі; Қазақ хандығы дәуірі; Ресей, Кеңес Одағы отаршылдығы дәуірі; Тәуелсіз Қазақ мемлекеті дәуірі. Міне, бұдан ғалымның тарихи логика бойынша қазақ мемлекеттілігі тарихын кезеңдеу – дәуірлеуін көрсеткен. Ғалымның мақалалар жинағының 1 томынан «Көшпенділердің оянуы: Кіші Азиядағы алғашқы көшпенді мемлекет», «Қазақ мемлекеті қай дәуірден басталады», «Қазақ даласындағы мемлекеттік өркендеудің сабақтастығы», «Ақ Орда қазақтың алғашқы мемлекеті ретінде танылуы керек», «Сығанақ алғашқы қазақ мемлекеті – Ақ Орданың астанасы», «Взгляды Л.Н.Гумилева на вопросы образования государственности у кочевых народов» деген сияқты мемлекеттік тарихты зерттеген мақаларын көреміз.

Қ.Қ. Қарабаев

ӘОЖ 93/94

03.02.21.008. **Тарихқа көзқарас.** II том / З.Қинаятұлы. – Алматы : «Мерей» баспасы, 2020 – 400 б.

Жинаққа автордың 2009-2015 жылдар аралығында Қазақстан баспасөзінде жарияланған қазақтың мемлекеттік тарихын зерттеген ғылыми-танымдық мақалалары, сұхбаттары, түрлі конференцияларда жасалған баяндамалары мен естеліктері енген. Ғалымның ұлт тарихындағы өзекті мәселелер, тарихи методологиялық мәселелер туралы зеттеулері, тұлғалар туралы көзқарасы, ел тағдыры, ұлттың ертеңі туралы толғаныстары мен кейбір әріптестері жөніндегі ой-пікірлері де берілген. Жинақтың бірінші бөлімінде қазақ хандарының ата-тегі шежіресі, қазақ хан, сұлтандарының ата-тегін анықтап, қазақ хандарының атасы - Орыс ханның тегін тектеген. «Қазақ хандарының ататегі шежіресі», «Қазақ хандығы құрылуының алғы шарттары, мемлекеттің сипаты», «Қазақ хандарының атасы Орысхан Шымтайұлы», «Қазақстан тарихын дәуірлеудің теориялық, методологиялық мәселелері» атты еңбектері жинақталған.

Орыс ханның ата-тегі туралы тарихта үш түрлі пікір бар: біріншісі, Орыс ханды Жошы ханның 13-ші ұлы Тоқай-Темірден тарататын авторы белгісіз «Му» изз ал-ансаб», «Нусрат наме», Әбілғазы Баһадур ханның «Шежіре-и Түрк» және басқадай бір топ автордың келтірген пікірі. Бұл пікірді кезінде қазақ тарихшылары Ш.Ш. Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы және басқа да тарихшылар қолдаған еді. Соның әсерінен болар Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде қойылған тақтайшада қазақ хандарының шежірелік кестесі Тоқай-Темірден басталып тұр. Мұнда Әбілғазы Баһадур ханның «Шежіре-и түрк»-тегі кесте сол күйінде қолданылған. Екіншісі, Орыс ханды Жошы ханның тұңғыш ұлы Ордадан (қаз. Орда Ежен) тарататын Муин ад-Дин Натанзи, Гаффари, Хайдер Рәзи, Стэнли Лэн Пуль және қазақ тарихшылары М.Тынышпаев, Т.И.Сұлтанов,

К.А.Пищулина және басқалардың пікірі. Ақ Орданың төртінші ханы Сасыбұқаны Баянның ұлы деп көрсету арқылы Рашид ад-Дин де осы екінші пікірді қолдаған.

«Моңғолдың құпия шежіресінің» нағыз түпнұсқасы қытай тілінде сақталған да кейіннен моңғол тіліне аударылған. Бірақ, кітаптың сыртқы мұқабасында ежелгі түркі тілінде жазылған бір сөйлем бар. Басқасының барлығы да қытай тілінде. «Моңғолдың құпия шежіресі» аталуының өзін тереңнен түсіндіретін қытай тілінде 6 томдық, моңғол тілінде 3 томдық анықтамалық еңбектер бар. Жалпы, «Моңғолдың құпия шежіресі» әлемнің қырықтан аса тіліне аударылған. Жете терең зерттеймін деген адам шежіренің түпнұсқасын көруі керек. Ал енді, осы қытай және моңғол тілдерінде жазылған шежірені толық оқып шықпай жатып, Шыңғыс хан тарихын зерттеуге кірісушілік қателік болар еді деген пікір білдіреді.

Мырза Мұхамед Қайдар Дулаттың саяси, әулеттік өмірбаяны мен еңбегі туралы көп зерттелді, көп жазылды. Бұл зерттеулер әлі де жалғаса бермек. Мен бұларды қайталамай Кашмирдегі бүгінгі жағдайды көзбен көріп қайтқан адам ретінде тек Мырзаның Кашмирде өткізген өмірінің соңғы күндері, қайтыс болу себептері мен жерлену жайлы, құлпытасындағы жазудың сырына қысқаша тоқталған. Қазақтың мемлекеттік тарихына қоса көшпенділердің тарихтағы мемлекеттік құрылымдарын және олардың өзіндік ерекшеліктерін терең де жан-жақты зерттеп, көшпенділерде мемлекет болғанын, соның ішінде қазақ мемлекеттілігінің аймақтық бірлестіктерден, рулық одақтастық құрғанын, одан елге, ұлысқа, ұлттық мемлекетке көтерілген тарихи даму процессін бұлжымас фактілермен дәйектеп, ғылыми теориялармен пайымдаған.

Қ.Қ. Қарабаев

ӘОЖ 93/94

03.02.21.009. **Төле би:** Танымдық мақалалар, құжаттар, зерттеулер / Құрастырған С.Дәуітұлы. – Алматы : «Полиграфкомбинат» ЖСШ-і, 2021.– 308 б.

XVIII ғасырда өмір сүріп, көзінің тірісінде алты алашқа әділдігімен аты шыққан өз Төле бидің халқымызға жасаған қыруар қажырлы еңбегін ақындар жырласа, ғалымдар зерттеген. Ол бір өзі ғана емес, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билермен бірлесе отырып, ел игілігі үшін көп шаруа тындырып, артына мол мұра қалдырған үлкен парасат иесі. Деректерге қарағанда, Әлібекұлы Төле би 1663 жылы Қазақстанның қазіргі Жамбыл облысы, Шу өңірінің Жайсаң атты жайлауында дүниеге келген. Өмір сүрген жері – Шымкент облысы, Ленгер (қазіргі Төле би) ауданы, Ақбұрқан Ордасы. Ол – ойшыл, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ халқының үлкен билерінің бірі, ақпа-төкпе шешен. Тәуке ханның тұсында Қазақ хандығының Ата Заңына айналған әйгілі «Жеті жарғы» заң жобасын шығарушы кемеңгерлердің бірі болған. Төле би Дулат тайпасының жаныс руынан шыққан, халық ішінде «Жаныс көп пе, қамыс көп пе» деген сөз бар. Төле би тоғыз ұлды Құдайберді әулетінен тарайды. Тарихи шежіреде Төле биді Шығыс ойшылдарын көп оқыған, «Құран Кәрімді» өте терең, жетік білген, жастайынан халықтың биік қасиеттерін бойына сіңіріп, ауыз әдебиетін мол игерген, әсіресе мақал-мәтелді, шешендік шешімді көкейіне көп тоқыған адам ретінде айтылады.

Төле Әлібекұлы он үш жасында-ақ билік етіп, кесім айтқан. Төле бидің атымен байланысты аңыздар, мақал-мәтелдер, билік-кесімдер халық арасында кең тараған. Оның есімі тек Ұлы жүзде ғана емес, Орта және Кіші жүздегі оқиғалармен де тығыз байланысты. Төле бидің билікке келген кезінен бастап қазақ пен жоңғар хандықтары ұдайы бір-біріне жауласуда еді. Төле Әлібекұлы Ұлы жүз халқын жоңғар басқыншылығына үнемі қарсы ұйымдастырып отырды. Оның қазақ халқын біртұтас біріктіріп, жоңғар шапқыншылығына қарсы ұйымдастырудағы қызметі орасан зор. Орта жүздің аға биі Қаз дауысты Қазыбек, Кіші жүздің аға биі Әйтекемен бірлесе отырып, ел үшін аянбай еңбек еткен. Үшеуі де Тәуке ханның бас уәзірі қызметінде болған. Кезінде өз Тәукенің Түркістан шаһарын орталық етіп, үш жүз ұлыстарын бір орталыққа қаратуға, сөйтіп қазақ хандығын күшейтіп, жоңғар ойрат

шапқыншылығына қарсы күреске қарақалпақ, қырғыз, өзбек елдерінің біріккен одағын құру шараларын жүзеге асыруға атсалысқан.

Төле бидің ақыл-парасаты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде анық көрінеді. Ол сол кездегі қазақтың белгілі кісілері – Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек пен Жауғаш, Хангелді, Өтеген батырлармен бірыңғай халық майданын құрып, азаттық күресін басқарады. Ол қазақ жерін басқыншылардан азат етуге үлкен күш салды. Халқымызға елін-жерін қорғауға үндеу тастады. Ел аузында бұл туралы үлкен аңыздар сақталған. Төле биді халық аса ұнатып, бірнеше атпен: «Бала би», «Төле би», «Қарлығаш би» деп атағаны мәлім. Бұл кісінің Қарлығаш би атануының екі себебі болған. Біріншісі Төле бидің үйінің шаңырағына қарлығаш ұя салады. Би оның балапандарын өсіріп, ұшыруын күтіп отырса жау шауып, елі жан-жаққа босады. Төле би жалғыз үй қалса да, шаңырағын жықпай отыра берді. Жаудың әскербасы сардары келіп, Төле биге:

- Сіз неге жайбарақат отырсыз, еліңіздің бірі қалмай көшіп кеткенде? – деп таңдана сұрақ қояды. Ұлы би:

- Биыл үйіме қарлығаш ұя салып еді, балапандардың қанаттанып ұшып кетуін күтіп отырмын, - дейді.

Әлгі адам жау да болса, Төле бидің ерлігіне, әрі даналығына разы болып:

- Тимендер, бұл кісі «Қарлығаш әулие» екен – деп айтыпты. Содан Төле би «Қарлығаш би» атаныпты деседі. Екінші деректе Төле би өте мейірімді де қайырымды, тек адам баласына жақсылықтан басқаны ойламайтын болғандықтан, алдына келген адамның ісін әділ шешіп отырғандықтан «Қарлығаш би» атанған делінеді. Төле биді өз кезінде жалғыз қазақ емес, өзбек, қарақалпақ, қырғыздар да «Қарлығаш би» атағаны тарихтан белгілі. Осы бір қасиетті ақ адал құстың атымен аталған Төле бидің өзі де аппақ, ісі де аппақ десек те асыра айтқандық емес.

Халқымыздың бүкіл өткен жолындағы әртүрлі кезеңдер жайлы жыр, мақал-мәтел, аңыз, эпос жырларын молынан жинаған тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Батырда Қаракерей Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ» десе, Бұқар жырау: «Абылайдың бала кезіндегі Түркістанда жүргенін, үйсін Төле билердің түйесін баққан құл едің», - деп жырлаған.

Төле биді өз кезінде хан да, қара да сыйлап өткен. Әсіресе Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер қатты құрмет тұтқан, аға деп сыйлаған, алдын кеспеген. Бұл мәселе билердің «Күлтөбенің басында күнде жиын» болған тарихымыздан белгілі.

Кемеңгер би көптеген хандарды, билерді, батырларды тәрбиелеген. Бұл жөнінде «Сабалақ» атты поэманы еске алсақ та жеткілікті. Төле бидің Абылай ханды тәрбиелегені, оның бақ-талайының артуына қаншама қызмет еткенін осы дастандағы жыр суреттен көреміз. Абылай ханға «Сабалақ» деген ат бергені, оны танығаны дастанда жан-жақты айтылған.

Қазақ Совет энциклопедиясының 11-ші томында «Қазақтың төбе биі Шымкент, Түркістан және Ташкент қаласында көпшілік пайдаланылатын ғимараттар салу ісіне белсене араласқан. Төле бидің есімі тек Ұлы жүзде ғана емес, Орта жүз бен Кіші жүздегі ірі-ірі тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Төле бидің денесі өзі он екі жыл бойы билеген Ташкент қаласына, Бабырдың нағашы атасы Жүніс ханның қасына қойылған. Ол жерде Төле биге үлкен ескерткіш орнатылған» деп жазылған.

Бүкіл ғұмырын ел игілігі, өнер жолына арнап, жастарды елін, Отанын сүйуге үндеген, «Төле бидің тарихы», «Еңсегей бойлы ер Есім» атты кесек дастандар жазған, «Пернедегі термелер» (1995 ж.) деп аталатын кітапқа «Бау-бақша», «Дайын бол» толғаулары енген Қазанғап Байболұлын әдебиетімізде өзіндік орны бар ақын деп білеміз.

Төле биді бір ғана Қазанғап жырламаған, оны Бұқар жыраудан бастап, қаншама ақын-жазушылардың жазғанын, ғалымдардың зерттегенін білеміз. Ақын Кенен Әзірбаев «Әз Төле би Дулатқа ұран болған» деп бидің ел ішіндегі сүйіспеншілігін толғаса, атақты жазушы Әбіш Кекілбаев: «Тығырықтан жол іздеп, Әз Төлеге барып ем» деп бидің халық ішіндегі ғұламалығын паш етеді. Төле би түгел таратылып айтылады, түгел зерттеледі дей алмаймыз, әлі де талай ақындардың тамылжыта жырлайтыны, талай ғалымдардың терең зерттейтіні сөзсіз.

Р.М. Күздеубаева

ӘОЖ 93/94

03.02.21.010. Ұлық Ұлыс – Алтын Орда мемлекеті тарихы: Дәрістер жинағы /Б. Аяған. – Алматы : «Литера-М» ЖШС, 2020. – 216 б.

XIII ғасырдың бірінші жартысындағы Шыңғыс хан империясы мен Жошы ұлысының құрылуы әлем тарихындағы ең көп талқыланатын мәселелердің бірі болып отыр. Осынау аумағы мен салдары бойынша аса зор мемлекеттің генезисі, өмір сүруі және ыдырауы бойынша кәсіби дайындалған жұмыстар әлі де кем болуда. Ұлы мемлекетті құрған халықтар оған этникалық емес, саяси және бір жағынан, бір-бірін алмастырған ордаға жансыз саяси атау берді. Шыңғыс хан құрған империяның халқы толығымен моңғол тектес болды деген ұғым бар. Иә, жауынгерлердің біразы моңғол тектес антропологиялық типте болған. Бірақ, мысалы, славян деректерінде «половецтер» деп аталған Қара теңіз қыпшақтары, бұлғар немесе башқұрттар, шығу тегі жағынан сөзсіз, еуропалық нәсілді немесе аралас түрде болған. Сондай-ақ, осы Ұлы Орда - Ұлық Ұлыстың құрамына көптеген кавказ халықтарының өкілдері – қазіргі заманғы қарашай, балқар (малқар), құмық, черкес, абазин, әзірбайжандардың ата-бабалары кірген. Әмірлер және тіпті хандардың арасында Черкес, Сары немесе Урус есімді адамдар болған. Ал қазіргі казактар пір тұтып, қастерлейтін алғашқы еуропалық казак «Сары-Озман» деп аталды. Оның шын есімі Сары-Осман (Оспан, Аспан) болуы мүмкін. Ұлық Ұлыс - Алтын Орда ұлы әмірлерінің бірі, мысалы, Қажы-Черкес деп аталған, бұл оның Солтүстік Кавказ халықтарына жақын екендігін көрсетеді. Соғыс олжаларының тұрақты бір түрі «ай жүзді қыздар» болғаны, ал жаяу әскер құрамында славян, кавказдықтар өкілдері, валахтар мен болгарлар қызмет еткені туралы жазба дереккөздерінде көп айтылған.

Орда жауынгерлері әдетте орта бойлы және атқа мінуге ыңғайлы болып келген. Анықталған тұжырымдамалар ұзақ қашықтықта атпен жүрудің және сарбаздардан тек ыстық-суыққа күйіп-піскен шымыр болғанына ғана емес, сонымен қатар денсаулық пен ерекше ептілікті талап ететіндігіне негізделген. Көптеген қытай суреттері мен парсы миниатюраларында Ұлық Ұлыстың билеушілері мен жауынгерлерінің келбеттері жақсы сақталған. КСРО тарихында азиялық халықтардың Алтын Орда, яғни Ұлық Ұлыс тарихымен ешқандай байланысын болдырмау үшін барлығы жасалынды. Сондықтан болар, осы күнге дейін Ұлық Ұлыс тарихы кенінен зерттелмегендіктен Шыңғыс ханның дүниеге келгені және шыққан тегі туралы әңгіме көп. Біреулер оның тегін қырғыздарға жатқызса, басқалары оны қазақ не болмаса бурят, не якутқа теліп отыр. Таңқаларлығы, Иран, араб Шығысы, Ресей және Жапония, Корея сияқты бүтіндей мемлекеттердің тарихнамасында ресми қараланған Шыңғыс хан ұрпақтары, Қытай мемлекеті мен тұтас халықтардың (Құбылай), Иранның (Құлағу) және Орталық Азияның көптеген мемлекеттерінің (Жошы, Шағатай ұрпақтары), оның ішінде Қазақстан мен Өзбекстан, Қырым мен Молдавияның қалыптасуына тікелей әсер еткендігін білмейді. Жас орыс мемлекетіне, әсіресе оның экономикасы мен әскери іс саласына Ұлық Ұлыс - Алтын Орданың саяси жүйесінің әсері елеулі болды. Славяндар мекендеген Ұлы Литва княздығы да Ұлы Ордамен тығыз байланыста болғанын ұмытуға болмайды.

Шыңғыс ханның ұрпақтары қазіргі кезде тек қазақ халқының құрамында сақталған. Кеңес кезеңінде көптеген сынақтар мен қудалауға ұшырағанына қарамастан, олар өздерін және өз тарихын сақтап қала білді. Дәрістер жинағы Ұлық Ұлыс - Алтын Орда тарихындағы құрылу, қызмет ету және құлдырау кезеңіне байланысты мол мағлұматтар береді. Автор Ұлы Дала көшпелілерінің экономика, сыртқы саясат, мәдениет жағдайларын бейнелей келе, көрнекті заңдар, билеушілер мен әмірлер қызметін, сондай-ақ Алтын Орда күйреуі кезеңінде пайда болған жаңа ұлыстардың қалыптасу мәселелерін жан-жақты қарастырған. Жекелеген параграфтар Қазақ хандығының құрылу кезеңіне арналып отыр. Кітаптың мұқабасында Бату мен Өзбек ханның кезінде қабылданған Ұлық Ұлыс таңбалары көрсетілген. Автордың бұл еңбегі тарихқа қызығушылығы бар қалың жұртшылыққа, әсіресе студенттер мен магистранттарға, доктаранттарға арналған.

Р.М. Күздеубаева

ӘОЖ 93/94

03.02.21.011. **Темір және оның империясы** / Сұлтанов Т.И. – Алматы : «Мектеп» ЖСШ-і, 2021. – 152 б. – («Жетінші сөз» сериясы).

Санкт-Петербург университетінің профессоры, аса көрнекті шығыстанушы-тарихшы Т.И.Сұлтановтың «Темір және оның империясы» атты кітабы «Мектеп» баспасы үшін дайындалған. Қазақ мемлекетінің тарихы мен алғы тарихы турасындағы төрт кітабының бір кітабы. Бұдан бұрын «Шыңғыс хан және оның ұрпақтары», «Қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ хандығының тарихы» атты кітаптары жарық көрген. Таяу уақытта «Алтын Орда. Еуразия даласындағы Шыңғыс хан әулеті мемлекеті» деген кітабы шығады.

XIV ғасыр – Орта Азия халықтарының тарихындағы маңызды кезең. Дәуірдің негізгі саяси мазмұны – Жетісу мен Шығыс Түркістанда Моғолстанның және Мәуереннахрда – ортаазиялық қос өзен Әмудария мен Сырдарияның аралығында – Темір мемлекетінің құрылуы болды. Осынау жаңа мемлекеттік құрылымдар XIII ғасырда - XIV ғасырдың бірінші жартысында біртұтас ірі мемлекет құрап, мұсылман деректемелерінде Шағатай ұлысы немесе Шағатай мемлекеті деп аталады. Өз дәуіріндегі рулық иелік туралы ұғымды берік ұстанған Шыңғыс хан көзінің тірісінде-ақ жаулап алынған жерлер мен халықтарды өзінің ұлдары мен жақын туысқандарының арасына бөліп беріп отырған. Монғол дәстүрі бойынша әр ұлдың үлесінің шалғайлық дәрежесі оның жасына қарай анықталған. Сондықтан үлкен ұл Жошыға ең шалғайдағы үлес тиді. Империяның аумағы ұлғайғаннан кейін Жошы мен оның ұрпақтарына монғолдардың қиыр солтүстік-батыста «татар атының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі» жаулап алған жерлерінің барлығы беріледі. Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың ұлысы (үлесі) Оңтүстік Алтай мен Шығыс Түркістаннан Әмударияға дейін оның сол жағасындағы жерлерді қоса жалғасып жатты. Үшінші ұлы Үгедейдің ұлысы Тарбағатайда, Еміл мен Қобықтың жағалауында болды. Кенжесі, төртінші ұлы Төлеге үлес бөлінген жоқ, сол кездегі дәстүр бойынша, ол әкесі өлгеннен кейін оның әскері мен түпкілікті жұртын мұралануға тиіс болатын. Моңғолдардың Түркістандағы иеліктерінің бірінші билеушісі Шағатай Шыңғыс ханның қоңырат руынан алған бәйбішесі Бөртеден туған екінші ұлы еді. Оның нақты қашан туылғаны анықталмаған. Әкесінің тірі кезінде-ақ ол Шыңғыс хан заңдастырған монғол әдеттік құқығы – «Жасаның» білгірі болды, монғол ғұрыптары мен заңдарға байланысты барлық мәселелерде айтулы беделге ие болған. Аға-інілерімен бірге ол да әкесінің 1211-1216 жылдары Қытайға және 1219-1224 жылдары хорезмшах Мұхаммедке қарсы жорықтарына қатысты. Әкесі өлгеннен кейін Шағатай бірде-бір соғыс жорығына қатыспайтын болған.

Шағатай ұлысының астанасы – Жетісуда, Іле өзенінің бастауында орналасқан Алмалық қаласы болды. Монғол билеушілерінің барлығы сияқты Шағатайдың да бірін қыстайтын, бірін жайлайтын бөлек-бөлек екі ордасы болатын. Қысқы ордасы – Мераузық-Ила, жазғысы Құяш деп аталып, екеуі де Іле жазығында болды. Шағатай мұрагерлерінің ордасы, XIII ғасыр авторы Жувейнидің жазуынша, түрікше Ұлығ-Иф (Үлкен Үй) деп аталған. 1227 жылы ағасы Жошы, сол жылы әкесі дүние салғаннан кейін Шағатай Шыңғыс хан ұрпағының үлкені болып, ешкім қарсы келмейтін беделге ие болады. Алайда осының бәріне қарамастан, Шағатай өз ұлысында дербес әмірші болмаған. Мәуереннахр мен Шығыс Түркістанның мәдениетті облыстарының әміршісі ұлы хан тағайындап кеткен мұсылман Махмұт Жалауыш болды. Ұлы хан Мәуереннахрдағы монғол әскерлерінің бастықтарын да өзі тағайындаған. Ұлы билеушісі Шағатайдың оларды ұлы ханның мақұлдауынсыз орындарынан алатындай билігі болмаған. Темір 1370-1405 жылдар аралығында билік құрды. Ел басқарған отыз бес жыл ішінде орасан зор империя құрылды, оған деген ынта-ықыластан ұлан-ғайыр әдебиет пайда болды, бұған ішінара Темірдің өзі де, Темірдің ұрпақтары да себепші болған. Темірдің өмірі мен қарекетін баяндайтын, пұрсатты ресми хроника болып табылатын екі шығарма бар: біріншісі – Низам ад-Дин Шамидің «Зафарнамесі» - 1404 жылы, Темірдің тірі кезінде-ақ жазылған; екіншісі – Шараф ад-Дин Әли Жездінің сол аттас белгілі шығармасы 1425 жылы жазылған. Темір туралы материалдар ресми деректемелермен тәмамдалмайды. Оның өмірі туралы Муин ад-Дин Натанзи, Хафиз-и Әбру, Әбдіразақ Самарқанди, Мирхонд және өз шығармаларын Темір әулетінің сарайында жазған XV ғасырдың басқа да тарихшылары көп жазған. Темір түркі-

монғол бектерінің арасынан шыққан, елде Шыңғыс хан ұрпағы еместер әулетінің басы болған Мәуереннахрдың бірінші ұлыс билеушісі. Ол тарих майданына күтпеген жерден, кенеттен, жиырма бес жасында шыққан. Темірдің 1360 жылға дейін немен шұғылданғаны туралы Темір әулетінің ресми болсын, басқадай болсын деректемелерінде анық еш нәрсе айтылмайды. Темірдің жас шағына қатысты уақиғалар тарихи жылнамаларға Темірдің өзінің қалауы бойынша кіргізілмеді, «өйткені, олар оқушыларға сенбестей болып көрінер еді» делінген.

Шағатай мемлекетінің шығыс бөлігінің ханы Тоғлықтемір 1361 жылы Мәуереннахрды екінші қайтара бағындырып алған кезде алдына келген Темір көшпелі жауынгер ретінде жастар арасында атағы кең таралып, балуан тұлғалы, көрген адамды баурап әкететіндей қалпында еді. Тарағай баласының Тоғлықтемір ханмен жүзбе-жүз кездесуін ұйымдастырған сол кездегі ықпалды моғол әмірі Хамид, Жездінің жазуынша, Темірдің әкесімен кезінде жан аяспас дос болған. Нақ осы Хамид-бек «ханға Темірдің шексіз ерлігі туралы әңгімелеп берді» және мұралану құқығы бойынша енді Темірге тиесілі облысқа аяушылық жасауды өтінген. Хан оның айтқанымен келісіп, елшісі арқылы Темірді шақырып алдыртады, жүздеседі. Сымбатты, айбынды, шиыршық атып тұрған жас Темір ханға қатты ұнайды. Хан Темірге «үлкен ықыласпен қарап, мейірімі түсіп», Қашқадария уәлаятын басқаруды береді. Сөйтіп Темір жиырма бес жасында орталығы Кеште болған айтулы уәлаяттың іс жүзіндегі билеушісі, Мәуереннахр барластарының басшысы – әмірі болды. XIV ғасырдың 60-жылдарының оқиғалары Темірдің болашақтағы зор күш-қуатының бастамасы болды. Осы онжылдық ішінде Темір соғыста жеңілу, тұтқын болу азабын басынан кешті, ауыр жарақат алып, ақыры содан кемтар болды. Темір жараланған кезден былай Темірлан Ақсақ Темір деп атала бастады (лан – парсыша ақсақ деген сөз), еуропалықтардың айтуынша – Тамерлан болды. Тартымды да қызғылықты жазылған бұл кітаптың беттерінде тарихтағы ең күрделі, әрі қарама-қайшылықты тұлғалардың бірі сипатталады. Дүниежүзілік империя құрмақ болған Әмір Темірдің ірі-ірі жаулап алушылық соғыстарын жүргізгендері, күйретушілік, елдерді талап-тонаған шапқыншылықтары жайлы жазылған. Қан-жоса қырғын, адам бастарынан үйілген пирамидалар – Темірдің ісі болған. Ахмет Иасауи зиратының басындағы кесене – ортағасырлық Шығыстың сәулет өнерінің жауһары, Мауереннахрдың таңғажайып бақтар қоршаған сәулетті қалалары – бұл да Темірдің ісі. «Егер Темір басқаша адам болса, біз Түркістанның, жалпы алғанда, Азияның да тарихы басқаша болғанын көрер едік» - деп жазады кітаптың авторы.

Р.М. Күздеубаева

ӘОЖ 93/94

03.02.21.012. **Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар** = Ханы и султаны, похороненные в Туркестане = Khans and sultans, buried in Turkestan / М.Исаев, Б.Байболов, С.Шаметов ; «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ; жауапты ред. Н.Қ. Ахметжанов ; редалқа : М.М. Тастанбеков, Б.Ө. Нұрханов, М.Қожа. – Түркістан : Золотая Книга, 2019. – 176 б. : сур.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі ел ынтымағын ойлаған хандар мен билер, жер тұтастығын қорғаған батырлар, елдің игі жақсылары жерленген қасиетті жер. Мұнда жерленген тұлғаларымыздың әрқайсысы ел болып құрметтеуге лайықты. Әрбір тұлғаның қоғамдық қызметі мен ерлік істеріне, ғибратқа толы өмір жолына арнап тұтас кітап жазуға болады. Бұл анықтамалық жинақ Елбасы - Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында айтылған Ұлы даланың ұлы тұлғаларын дәріптеу бастамасын басшылыққа ала отырып, тарихымыздың қиын-қыстау күндерінде өзінің тарихи міндеттерін абыроймен атқарып, есімін келешек ұрпаққа үлгі-өнеге етіп қалдырған, Түркістанға жерленген қазақтың хандары мен сұлтандарына арналған.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиынында сөйлеген сөзі мен «Тарих толқынында» атты кітабында «...біздің қасиетті жерімізді ықылым замандардан Ұлы Дала деп, ал бабаларымызды Ұлы Даланың ұрпақтары

деп атаған. Біз – солардың жалғасымыз, Ұлы Даланың мұрагерлеріміз». «Қасиетті Түркістан жеріне келген сайын ерекше тебіренемін. Мұнда ісі қазақтың елдігі мен ертеңін ойлап, тебінгісінен тер төгіп жүріп өмір кешкен хан да, би де, батыр мен бағлан да мәңгіге тыныстап жатыр...» делінген.

Бүгінде тарихи деректер бойынша Түркістанда қазақтың 21 ханы мәңгілікке тыныстап жатқаны және олардың 14-і осы қаланы өздерінің Ордасы еткендігі анықталып отыр. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ғылыми қызметкерлерінің жинақтаған деректері бойынша қасиетті мекенге жерленген екі жүзден аса тұлғаларымыздың тізімі жасалған. Ескі Түркістан деп аталатын 87 гектарлық қала территориясы мен оның айналасында бірнеше қорымдар орналасқаны белгілі болып отыр. Олардың ең көне заманнан келе жатқаны Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оның маңы, Әлқожа ата мазары, Әулие Құмшық ата жер асты мешіті мен оның төңірегі болып отыр. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан қорым біршама зерттеуден өтіп, Ясы-Күлтөбе қаласымен бірге қалыптасқаны анықталды. Қазақ хандарынан Түркістанды астана деп жариялаған Есім хан алғаш болып осы жерге жерленеді. Одан кейін қазақтың үш жүзіне билігі жүрген Жәңгір, Тәуке, Қайып, Болат, Әбілмәмбет және ұлы ханымыз Абылай сынды хандарының мүрдесі осынау қасиетті жерге қойылған. Олар туралы өз заманында тарихи жырлар мен шежірелі тарихтар жазылып, халық арасына кеңінен таралғаны баршаға белгілі. Соның бірі қазақ билеушілері туралы жазылған Қадырғали Жалайыридың жазбалары өткеніміз жайындағы аса құнды тарихи дерек болып отыр. Сондай-ақ, қазақ хандары туралы ғылыми білімнің негізін ХІХ ғасырдың атақты ғалымдары А.И.Левшин мен В.В.Вельяминов-Зерновтың қалағанын ғалымдар жақсы біледі. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші ширегінде қазақ хандары Ш.Ш.Уәлихановтың, А.Добромысловтың, В.В.Бартольдтың, А.А.Семеновтың, Ш.Құдайбердіұлының, Қ.Халидидың, М.Тынышбаевтың және басқалардың еңбектерінде қарастырылған. Кеңестік кезеңде хандардың қызметі үстем тап өкілдері ретінде теріс пиғылда болған. Осыған қарамастан шығыстық және орыс деректермен жұмыс жүргізген бір топ қазақстандық және ресейлік ғалымдар Қазақ хандығы мен оның билеушілеріне қатысты жаңа мәліметтер тауып, олардың қатарында В.П.Юдинді, О.Ф.Акимовты, Т.И.Сұлтановты, К.А.Пишулинаны, М.Қ.Әбусейітованы, А.Исинді ерекше атап өтуге болады. Кітапта қазақ хандарын тану мен танытуда еңбегі зор аталған тарихшылармен қатар, Қ.Салғараұлы, М.Мағауин, Ж.Артықбаев, Б.Кәрібаев, Е.Ерофеева, С.Жолдасбаев сыяқты т.б. отандық ғалымдардың тарихи зерттеулері пайдаланылды.

Анықтамалық жинаққа Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген хандар мен сұлтандардың осы күнге дейін сақталған құлпытастары, оларға арналып салынған ескерткіштері туралы мәліметтер, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі қорындағы қолжазбалар, суреттер, тұтынған заттық жәдігерлері және хандар мен сұлтандарға қатысты құжаттар мен мөрлері, қазақ хандары атынан соғылған тиындардың фотосы енгізілген. Басылым үш тілде және пайдаланған әдебиеттер тізімі мен мазмұны берілген. «Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар» басылымын құрастырушылар өз халқының тәуелсіздігі үшін күресіп, тарихи жерлерінің тұтастығын қорғаған хандардың өмірі мен қоғамдық қызметін жеткізу, көпшілікке насихаттау, дәріптеуді мақсат еткен. Сонымен қатар, келешек ұрпақ жас кезінен тарихты біліп, қазақ хандары мен сұлтандарының игі істерін өнеге тұтып, олардың іс-әрекеттерінен сабақ алып, ұлтжанды азамат болып қалыптасуына пайдасы тиетіндігіне үміт артады.

Р.М. Күздеубаева

03.41 АРХЕОЛОГИЯ

ӘОЖ 902

03.41.02.21.013. Сарыарқа. Қола дәуіріндегі тау-кен ісі және металлургиясы. Жезқазған-көне және ортағасырлық металлургия орталығы (Милықұдық қалашығы) = Сарыарқа. Горное дело и металлургия в эпоху бронзы. Жезказган - древний и средневековый металлургический центр (Городище Милыкудук) / Ә.Х. Марғұлан ; Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институты. – Алматы, 2020. – 2-шығ. – 432 б. : сур., кестелер.

Орталық Қазақстанда ежелгі дәуірде мал шаруашылығымен қатар мыс, қалайы және полиметалл мен бай кендері кен орындарының болуына байланысты адам қызметінің жаңа формасы – тау-кен ісі мен металлургия пайда болды. Бұған Орталық Қазақстан аумағында орналасқан тау-кен қазбалары мен мыс балқыту орталықтары дәлел бола алады. Ежелгі тау-кен қазбаларын алғаш XVIII ғ. орыс ғалымдары анықтаған. XIX ғ. басында Ресейдің Қазақстанды отарлауының басталуымен тау-кен инженерлері мен кен өндірісінің мамандары-көпестері келе бастады, олар тау-кен қазбаларының орындарында жылдамдатып шағын зауыттыр салып, кен қазбаларынан дайын мыс кенін балқытып, үлкен көлемде мыс алып, оны Ресейге жіберген. Ә.Х. Марғұланның «Сарыарқа. Қола дәуірінің тау-кен ісі және металлургиясы» атты монографиясы Қазақстан ғылымы тарихында тұңғыш рет осы мәселелерді жариялап отыр. Оның алғашқы басылымы 2001 ж. Алматыда жарық көрді. Бұл монографияның қолжазбасын Ә.Х.Марғұланның қызы Д.Ә. Марғұлан ғалымның архивінен алып, ұсынған құрастырушысы, әрі редакторы болды.

Археологиялық зерттеулер Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін басталып отыр. Осы мәселені зерттеуді Ә.Х. Марғұланға осы өңірде 1927 жылдан бастап жұмыс істеген Қ.И.Сәтбаев тапсырады. Бірнеше жылын ежелгі қазбалардың археологиялық зерттеулеріне, олардың орналасу картасын жасауға және ежелгі кеншілер мен металлургиялық металлургиялық орталықтары мен қоныстарын зерттеуге арнады. Қордаланған бай материалдар негізінде ғалым мал шаруашылығымен, егіншілікпен және кәсіпшілікпен қатар тау-кен ісі мен металлургия ежелгі қазақ тайпаларының шаруашылық қызметінің ежелгі түрі болды деген қорытындыға келген. Мұны ежелгі кеніштерден табылған шахталар, штольнялар, штректер, квершлагтар, сонымен қатар кенді шаю және дымқыл флотациялауға арналған су жинайтын шұңқырлар, көптеген балқыту пештері дәлелдеп отыр. Жезқазған ежелгі және ортағасырлық металлургияның ірі орталығы болып отыр. Оның тарихи маңызын XX ғ. ортасында Ұлытау және Жезқазған жер қойнауы құбылыстарының терең білгірі, көрнекті зерттеуші-ғалым Қ.И. Сәтбаев ашты. Жезқазған-Ұлытау өңірінде жұмыс істеген сәттен бастап Қ.И. Сәтбаев Сарыарқадағы көптеген ежелгі тау-кен қазбаларына назар аударды. Жезқазғанның ежелгі тау-кен массивіндегі Милықұдықтың жер қойнауынан алынған көлемі өте үлкен кен табылды. Табылған балқыту пештері мен ірі шеберханалардың көптігі, Жезқазғанның мысы мен темірі тек ішкі қажеттіліктер үшін ғана емес, сонымен қатар сыртқы нарық үшін де өндірілді деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Жезқазған Түрік қағанатының (VI – VIII ғғ.), кейінірек Дешті Қыпшақтың тау-кен, металлургия орталығы болған. Тау-кен өнеркәсібі мен металлургия ежелгі уақытта өндірістің кең ауқымды формаларына жетті, үлкен қазбаларда кен өндіру айтарлықтай көлемге жетті. Осы қызмет формасының ауқымдылығы туралы ежелгі Рим, Қытай және т.б. елдерге керуен жолдарымен мыс экспортталғандығы туралы деректер бар. Бұл деректерді соңғы уақытта әртүрлі елдерде табылған архивтік құжаттар дәлелдеп отыр. Қола дәуірінде Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстанда металлургия және тау-кен орталықтарының болғандығы жайлы мәліметтерді XIX ғ. Сарыарқа даласында жүйелі түрде геологиялық зерттеулер жүргізген ғалым-геологтардың және тау инженерлерінің жазбаларынан көруге болады. Қазақстандағы түсті металды кен орындарының көпшілігі геологиялық іздестіру кезінде айқын белгі болған ежелгі дәуірдегі кен орындардың іздері бойынша ашылған. Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстандағы ежелгі тау-кен ісінің тарихын зерттеу өткен ғасырдың көптеген геологтарының, атап айтқанда Б.Ф. Герман, И.П.Шангин, Г.И. Спасский, Г. Гельмерсен, А.С. Татаринов, Э.И.Эйхвальд, А. Габриель, В. Бернердің

еңбектерінде көрініс табуы геологиялық зерттеулердің ажырамас бір бөлігі болып табылатыны сөзсіз. И.П. Шангин Имантау тауының жанындағы, оның есебі бойынша салмағы үш миллион пұттан кем емес үйінділерді сипаттайды, ал П.И. Рычков Жезді өзені бойындағы ежелгі кен қазбаларының орасан көлемі туралы жазған.

Ежелгі заманнан бері Сарыарқада тау-кен ісі мен металлургияның пайда болуы мен дамуын Жезқазған, Солтүстік Балқаш маңы, Қарқаралы, Баянауыл және Қарағанды далаларында шоғырланған мыс, қалайы, қорғасын, алтын рудаларының бірегей кен орындары, орасан зор массивтері қамтамасыз еткен. Осы қазыналардың арқасында б.з.д. II мыңжылдықта Еуразия құрлығындағы Орталық Қазақстан металлургияның орталығына айналды, сол кезде мыс пен алтын жергілікті халықтың қажеттіліктері үшін ғана емес, сондай-ақ кен тайпааралық алмасу мен экспорт үшін де алынған. Бұған көптеген ежелгі қазбалар, Айнакөл, Милықұдық, Сорқұдық, Атасу, Ұлытау, Қарқаралы I,II,III (Суықбұлақ), Бұғылы I,II,III, Шортандыбұлақ және басқа да бүгінгі күнге дейін сақталған көптеген ежелгі қоныстардағы металлургиялық өндірістің іздері дәлел бола алады. Қоныстардың мәдени қабатынан үрмелі пештің оттық бөлігі, тау-кен құралдары, шлактар, құю қалыптары, сұрыпталған кендердің үйірлері, бізге жеткен жасанды су қоймаларының, бөгеттердің, тоғандардың қалдықтары түрінде байыту және флотация орындары табылған. Қоныстар мен мазарларды қазу кезінде қоладан жасалған көптеген заттар – еңбек құралдары, қару-жарақ және тұрмыстық заттар, зергерлік бұйымдар анықталған.

Орталық, Солтүстік-Шығыс және Шығыс Қазақстан аумағында көптеген ежелгі қазбалар, үйінділер, карьерлер, ұңғылар, шахталар, штольнялар сақталған. Олардың арасында алып кен объектілері – Жезқазған, Қаражал кешендері, Солтүстік Балқаш маңы, Қарқаралы, Баянауыл, Қарағанды даласы, Солтүстік Бетпақдала кеніштері бар. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты жолдауында қазақ жерінде технологиялық жаңашылдықтардың жаңа дәуірге дейін пайда болуына үлкен көңіл бөлінді, бұл біздің ұлттық тарихымыздағы қордаланған озық үлгілерді іріктеп, әлемдік жұртшылық пен адамзат тарихындағы еліміздің мәртебесін биіктетіп қарауға мүмкіндік береді. Жолдаудың бір қыры – қазақтардың жерінде ежелгі тау-кен ісі мен металлургияның болғандығы мәселесін толық көлемде зерттеу. Қызылеспе, Сәлембет, Кеншоқы және басқа да ежелгі қазбалардың аумағы зерттелмеген күйі қалып келеді. Бұл мәселені зерделеу Орталық Қазақстандағы тау-кен ісі мен металлургияның толық тарихын жасауға мүмкіндік береді. Кітапта Орталық Қазақстан аумағындағы геологиялық және археологиялық зерттеулер нәтижелері негізіндегі тау-кен ісі мен металлургияның пайда болуы мен дамуы тарихы өте мазмұнды берілген.

Кітап ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, студенттер және Қазақстан тарихына қызығатын барша оқырмандарға арналған.

Р.М. Күздеубаева

05 ДЕМОГРАФИЯ

ӘОЖ 314

05.02.21.014. **Демографиялық тарих контексіндегі қазақтар = Казахи в контексте демографической истории:** монография / Ж.С. Аубакирова, А.Н. Алексеенко. – Нұр-Сұлтан : Шаңырақ-Медиа, 2020. – 400 б. : сур. – (Рухани жаңғыру).

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында орындалған монографияда қазақ этносының XIX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр аралығындағы демографиялық тарихы берілген. Қазақтардың демографиялық тарихының негізгі кезеңдері мен аумақтық ерекшеліктері тұтастай Қазақстан халқының дамуы контексінде көрсетілген. Қазақ этносының әлеуметтік-мәдени өлшем-шарттарына негізделген егемен демографиялық жүйесін құру алгоритмі айқындалған. Монографияның бірінші бөлімі көптеген саяси, экономикалық және басқа да

оқиғаларға толы тарихтың ғасырдан астам кезеңін қамтиды. XIX ғасырдың аяғы мен XX басында қазақтардың санын анықтау қиын болған. Оған тікелей себеп, қазақтардың көшпелі шаруашылықпен айналысуы және бір жерде тұрақтамауы. «Зерттеуші Г.Волконскийдің мәліметі бойынша XVIII ғасырдың соңына қарай үш жүзде 458 100 киіз үй болған. Кейбір авторлар «бір киіз үйде үш адам» деген коэффициентке сүйенеді. Нәтижесінде қазақ халқының жалпы саны 1 371 300 адамға тең болады. Біздің ойымызша, көптеген зерттеушілердің пікіріне сәйкес бір киіз үйде кем дегенде бес адам тұруы мүмкін. Бұл жағдайда үш жүздегі халық саны 2 290 500 адамды құрауы тиіс», - деп болжаса, А.И.Левшиннің ойынша, 1830 жылдары «қырғыз-қайсақтардың барлық үш жүзі» 500 мыңға жуық киіз үйді құрауы керек. Әрбір киіз үйде 5 немесе 6 адам өмір сүретінін ескере отырып, қазақ халқының жалпы саны «... екі жынысты қоса алғанда 2 500 000-нан 3 000 000 адамға дейін» болды», - деп көрсетеді.

Монографияда Ресей империясының 1897 жылғы алғашқы халық санағынан бастап, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы ағымдағы статистикалық материалдары келтірілген. Қазақ тарихындағы «қара отыз жылдық» кезеңі: азаматтық соғысқа айналған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1920, 1930 жылдардағы ашаршылық, қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі ашаршылық жүздеген мың адамның өмірін қиды. Осы уақыт аралығында қазақ халқының демографиясында көптеген өзгерістер болды. Монографияда әр он жылда өткен халық санағын талдау ретінде кестелер көрсетілген. Халық санағындағы өзгерістермен қатар, аумақ бойынша халықтың санына және этникалық құрамға тоқталған. Сонымен қатар, облыстар бойынша этностардың саны мен пайызын есептеп, өсіп-кемуін де статистикаға салып қарастырған.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың соңындағы қазақтардың демографиялық тарихы көп жағдайда сыртқы факторлармен анықталды. Үстем саяси жүйелер қазақ қоғамына тән емес әкімшілік-аумақтық құрылымды, экономикалық даму векторларын, әлеуметтік құрылымды қалыптастырды. Осының барлығы қазақтардың демографиялық апатына, жүздеген мың адамдардың қаза табуына әкеп соқты. Көбі Отанын тастап кетуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, басқа ұлт өкілдерінің де қазақ жеріне жер аударылуы, этностық құрамды өзгертіп, Қазақстан халқының санына елеулі өзгерістер енгізді. 1970 жылғы халық санағының деректеріне сәйкес республика халқының саны 13008,7 мың адамға дейін ұлғайды.

Монографияның екінші бөлімінде егемендік жылдарындағы қазақ халқының демографиялық тарихы баяндалады. XXI ғасырдың алғашқы онжылдығы Қазақстанның этно-демографиялық тарихындағы өзгеріске толы кезең болды. Көптеген ондаған жылдар бойы сыртқы негізде дамып келе жатқан демографиялық үрдістер ішкі факторлармен анықталды. 1999 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша Қазақстан халқының саны 14953,1 мың адам болды. 1999 жылды 1989 жылмен салыстырғанда халықтың жалпы саны 9,2%-ға қысқарған. Бұл кезеңде қазақ этносының әлеуметтік-мәдени өлшемдерінде айқынырақ жұмыс істейтін егеменді демографиялық жүйенің параметрлері жасалды. Бала туу көрсеткіші, табиғи өсім айтарлықтай жақсарды, халық саны тез өсе бастады.

XXI ғасырдың екінші онжылдығында Қазақстан толық негізде егеменді демографиялық жүйенің негізін қалады. 2009-2019 жылдары Қазақстан халқының өсу қарқыны 14,9%-ды құрады, бұл алдыңғы онжылдықтағы (1999-2009 жж.) өсу қарқынынан 2,1 есе жоғары болды.

Монографияда статистикалық деректер, кестелер, сұлбалар және диаграммаларға салынған ауқымды статистикалық материалдар, сонымен қатар демографиялық терминологияны түсінуге мүмкіндік беретін глоссарий және Қазақстанның тарихи-демографиялық мәселелерін қамтитын еңбектер тізімі мен сілтемелер берілген.

А.Ш. Абилкаирова

11 САЯСАТ. САЯСИ ҒЫЛЫМДАР

ӘОЖ 32

11.02.21.015. **Ел және Елбасы:** мақалалар жинағы /жоба жетекшісі Д.Қыдырәлі. – Нұрсұлтан : Ғылым баспасы, 2021. – 272 б. + 16 бет жапсырма.

Тәуелсіздік – тұтас еліміз үшін ең қымбат қазына, ең асыл құндылық. Бұның, әсіресе ел тәуелсіздігінің 30 жыл аясындағы мәні де, мағынасы да зор. Себебі, осы ғасырға бергісіз ордалы отыз жылдың ішінде еліміз еңсесін тіктеп, егемендігін нығайтты, іргесін бекітіп, тұғырын биіктетті. Мемлекетіміз әлеуметтік-экономикалық күш-қуатын еселеп, төрт құбыласы түгел, әлемдік қауымдастықтың тең құқылы мүшесіне, түрлі халықаралық абыройлы да белді ұйымдардың белді әріптесіне айналып отыр. Тәуелсіздік ала салып, созылған шекарамызды шегендеп, іргелес елдермен тату көршілік ынтымақтастыққа қол жеткіздік. Қилы кезеңдердің қуғын-сүргінінде қияндап кеткен ағайынның алды тарихи атамекенімен қауышып, ортамызды толтырып жатыр. Қазақстан әлем жұртшылығы үшін бүгінде береке-бірлігі жарасқан ел ретінде танылып, ізгілікке құрылған жаһандық бастамалары арқылы бейбітшілік пен татулықтың туын көтерген жерұйық мекеніне айналды.

Жинақта «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған, Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекет қалыптастырушы ретіндегі тұлғалық, қайраткерлік қырларын кеңінен ашып көрсететін, тәуелсіздік тарихынан сыр шертетін мақалалар мен естеліктер топтастырылып отыр. Олардың авторлары кезінде Елбасының жанынан табылған, тәуелсіз мемлекеттің іргесін қалыптастыруға атсалысқан үзеңгілестері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, тарихи оқиғалардың тағдыршешті сәттердің көз көрген куәгерлері. Авторлардың арасында шетелдік мемлекет және қоғам қайраткерлері, журналистер мен сарапшылар да бар. Мақалалар жинағы «Азаттық архитекторы», «Елдіктің еңсесін тіктеген», «Елбасы және Елорда», «Сарабал саясаткер» атты тақырыптармен төрт бөлімге топтастырылып отыр. «Азаттық архитекторы» бөлімінде ҚР Президенті Қ.-Ж.Тоқаевтың «Тарихи тұлға тағылымы», ҚР Парламент Сенатының Төрағасы М. Әшімбаевтың «Қазақтың жаңа замандағы ұлы көшін бастап берді», ҚР Парламент Мәжілісінің Төрағасы Н. Нығматулиннің «Елбасы – Қазақстан өркениетінің кемеңгер көшбасшысы», ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың «Сарабал саясат салтанаты», мемлекет қайраткері, ҚР-ның тұңғыш Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменовтің «Өкілеттігін тоқтатса да халықпен байланысын үзбеді», Айдос Сарымның «Тұңғыш Президент және ұлт мұраты» т.б. мақалалары енген.

«Елдіктің еңсесін тіктеген» атты бөлімде академик Серік Қирабаевтың «Елбасы тұғыры», жазушы, Мемлекеттің сыйлықтың лауреаты Әкім Таразидың «Елбасы биігі», ақын, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменовтің «Қазақстанның жолы болды», мемлекет және қоғам қайраткері Оралбай Әбдікәрімовтың «Халық таңдауы», мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтың «Жаңа заманның жасампаз тарихын жасады», ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрыновтың «Тұтас түркіні тағылымға шақырған тұлға», Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор, өнер зерттеушісі Илия Жақановтың «Қазақстанды әлемге танытты», Қазақстанның халық әртісі Сәбит Оразбаевтың «Өнер сүйген басшы – халық байлығы», т.б. тақырыптар еніп отыр.

«Елбасы және Елорда» тақырыбындағы үшінші бөлімде мемлекет және қоғам қайраткері Иманғали Тасмағамбетовтың «Астана байтақ», Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің «Елбасы және түркілер төрі Түркістан», Астана қаласының бұрынғы әкімі Әсет Исекешевтің «Елдігіміздің ұйытқысына айналған Елорда», Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, ҰҒА академигі Ерлан Сыдықовтың «Елбасы феномені», Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Серікбай қажы Ораздың «Елбасы хәм елдік мұрат» атты мақалалары енгізілген.

«Сарабал саясаткер» атты бөлімде Түркия Республикасы Президентінің Бас кеңесшісі Япчын Топчудың «Түркі әлемі тарапынан берілген әрбір атақ пен дәрежеге толығымен

лайық», Қырғыз Республикасының халық жазушысы, ТМД мемлекетаралық сыйлығының лауреаты Сұлтан Раевтың «Түркі руханиятының архитекторы», Әзірбайжан Республикасы Президенті жанындағы Басқару академиясы саяси зерттеулер институтының ректоры Эльман Насировтың «Нұрсұлтан Назарбаев – дәуір тудырған тұлға», Қырғыз Республикасы Парламентінің Төрағасы (1990-1995ж.) Медетхан Шерімқұловтың «Болмысы бөлек тұлға», Ақпарат және араб-орыс тілдерін зерттеу орталығының директоры Мәжид Абдул Эт-Түркидің «Сарабал саясаткер», қоғам қайраткері (Қырғыз Республикасы) Жұмағұл Сааданбековтың «Уақыттан озған көшбасшы» және профессор, саясаттанушы (Түркия) Куршад Зорлудың «Уақыт өлшеміне сыймайтын кемелдік» тақырыптары бойынша мақалалар жарияланған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тарихи тұлға тағылымы» мақаласында: «Елбасы – еліміздің негізін қалаушы, елдігіміздің символы, тәуелсіз Қазақстанның төл тарихының бастауында тұрған тұғырлы тұлға. Қазақ елі қарымды қайраткерге үнемі құрмет көрсетіп келеді. Сексеннің сеңгіріне сергек жеткен саясаткердің ел мен жер алдындағы ұшан-теңіз еңбегі – ұрпаққа үлгі, баршаға өнеге! Тәуелсіздіктің бастауындағы ұйқысыз түндер мен тынымсыз күндердегі атқарылған істерді кейінгі буын келешекте әлі талай рет зерделейді, әділ бағасын береді. Ендеше, біз өскелең ұрпақты барша жұрт мақтан тұтатын тарихи тұлғаның тағылымы арқылы тәрбиелеуіміз керек» деп жазылған. Осы кітап арқылы елдік мұрат жолында бүкіл қызметтік ғұмырын арнап, қаншама ғасыр тарихқа есесі кеткен бодан елден әлемге аты танылған азат ел, мықты мемлекет жасаған Тұңғыш Президентіміз жайлы адамгершілік пен ақиқатқа құрылған жылы естеліктер жинағын ұрпақтар жадына аманат етіп қалдыру көзделген.

Кітап қалың көпшілікке арналған.

Р.М. Күздеубаева

12 ҒЫЛЫМТАНУ

ӘОЖ 001

12.02.21.016. **Бекмаханов Ермұхан Бекмаханұлы:** Ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ермұхан Бекмахановқа арналады / құраст.: С.О. Смағұлова, Н.К. Дүйсенова, С.И. Игілікова. Библиогр. ред.: С.О. Смағұлова, С.И. Игілікова, Т.В. Вдовухина. – Алматы : «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, 2020. – 360 б., сур. – («Қазақстан ғылымының көрнекті қайраткерлері» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы).

Белгілі тарихшы ғалым, педагог Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы саласындағы орны ерекше. Оның қаламынан туындаған еңбектер қазақ тарихының өте өзекті, тың тақырыптарына арналды. Кітапқа Ермұхан Бекмахановтың қазақ ғылымының дамуына қосқан қосқан еңбектері мен туындылары, оның қызметіне қатысты құжаттық материалдар, естеліктер және ғылыми мақалалар топтастырылып отыр.

Тәуелсіздік жылдардан бері Е.Б. Бекмахановтың тұлғасы мен мұрасын зерттеу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келе жатыр. Бұл жинақта ғалымның өміріне, қызметіне қатысты Ғылым академиясының архивінде сақталған құжаттар мен өткен ғасырдың 40-50 жылдары мерзімді баспасөз беттерінде, жинақтарда жарық көрген мақалалары, сонымен қатар ғалымдардың ол туралы жазған мақалалары енгізілді. Жинақтың алғашқы беттері тарих ғылымдарының докторы, профессор С.О. Смағұлова, тарих ғылымдарының кандидаты Н.К. Дүйсенова, «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапханасының Ғылыми-библиография бөлімінің бастығы, PhD докторант С.И. Игілікованың Е. Бекмаханов туралы және оның еңбектерінің маңыздылығы жайлы мақалалардан тұрады. Авторлар тарихшының терең дүниетанымы мен ғылымға қосқан зор үлесін атап, зерттеулерін нақтылай түседі. Қосымша әр мақаланың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі ұсынылды.

Еңбекті ғалым Е. Бекмахановтың таңдамалы еңбектері жалғастырып кетеді. Атап айтқанда: «О книге В.Ф. Шахматова «Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова», «Первая научная сессия Института истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской ССР», «К истории взаимоотношений казахов со среднеазиатскими ханствами», «О состоянии и задачах исторической науки в Казахстане», «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің кейбір мәселелері», «Восстание казахских шаруа Букеевской орды 1836-1837 годов», «О революционной деятельности Токаша Бокина», «Казахи в крестьянской войне 1773-1775 гг.», Абылай туралы өлең-жыр, мақалдар және т.б.

Келесі бөлімде оның қысқаша өмірлік және қызметтік кезеңдері туралы естеліктер орын алады. Нақтылай түссек, Ф. Сафронов, Б. Қазықанов, Р. Кузьев, Б. Момышұлы, Кеңес Нұрпейісовтің естеліктерінде оның ғылым саласындағы орны мен ғылыми еңбектері жоғары бағаланып, өз ортасында қарапайым да қайсар қасиетімен ерекшеленгендігін атап өткен. Сонымен қатар жинақта Е. Бекмахановтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері, ол туралы әдебиеттер тізімі, ғылыми еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші, монографиялары мен оқу құралдары, ғылыми және публицистикалық мақалалары, оның редакциясымен шыққан еңбектер мен оның жетекшілігімен қорғалған диссертациялар тізімдері топтастырылған. Еңбекте Е. Бекмахановтың жалғыз, отбасымен, дәріс оқу кезінде, әр жылдардағы жұмыс кезіндегі суреттері мен куәліктері, жазған хаттарының көшірмесі ұсынылған. Қосымша көмек ретінде еңбектің соңында Е. Бекмаханов еңбектерінің әліпбилік көрсеткіші мен есімдер көрсеткіші тізбектелген. Ермұхан Бекмаханұлы зерттеулері осы күндерде де құндылығымен ғалымдардың зерттеулеріне арқау болып отыр және бұл жинаққа енген ғалымның ғылыми мұрасы өскелең ұрпақты отансүйгіштік пен ұлтжандылыққа тәрбиелеу ісінде маңызды болары сөзсіз. Жинақ тұлғатану тарихын зерттеуші мамандарға, ғалымдарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына, студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, көпшілік оқырман қауымға арналған.

М.О. Жақсылықова

ӘОЖ 001

12.02.21.017 **Ғылым тарихы мен философиясы:** ЖОО-ның магистранттары және аспиранттарына арналған оқулық / Ғабитов Т.Х. – Алматы : Лантар Трейд, 2019 – 334 с. – Библиограф. : 19 атау.

Жалпы білім беруде ғылым тарихы мен философиясы пәнінің басты мақсаты тек жаңа білімге ие болу ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлем ғылымында қоршаған әлем туралы қалыптасқан түсініктер мен ойлаудың ғылыми, рационалды ойлау қабілетін қалыптастыру болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, нысана жас маманда эрудицияны дамытып, қоршаған дүниеге, жалпы мәдениетке деген концептуалды көзқарасты, жалпы мәдениетті және білгірлікті қалыптастыру. Ғылымның тарихы мен философиясы тығыз байланысты. Ғылым философиясы тарихи өзгеретін әлеуметтік-мәдени астарда қарастырылатын және олардың тарихи дамуында алынған ғылыми білімдерді өндіргіш қызмет ретінде жалпы заңдылықтарды және ғылыми танымның тенденцияларын таныстырады. Ғылым – қоршаған ортаны зерттеп білу процесіндегі көптеген адамдардың өз тәжірибелерін жинақтап, оларды түсіндіруге бағытталған өзара үйлесімді, жүйелі іс-әрекеттерінің нәтижесі. Ал өнер болса жекелеген адамның жан-тәнінің белгілі бір жағдайын суреттеп, нақты бір сезімдерді оятуға бағытталған белгілі бір адамның интуитивтік әрекеттері. Жалпы адамзат тарихында қола дәуірінен өту өндіргіш күштердің ширақ дамуына ғана әкеліп соққан жоқ, сонымен қатар рулық, алғашқы қауымдық қоғамның ыдырап, құлдық қоғамның пайда болуына, ой еңбегінің дене еңбегінен бөлінуіне, адамның белсенді іс-әрекеті арқасында өзінің табиғат құдыреттері алдындағы әлсіздігі, бағыныштылығы сияқты құбылыстарды жоюда алғашқы қадам жасауына, сол табиғат құбылыстары туралы білімнің қалыптасуына осы негізде абстракциялық ойлау қабілетінің өсуіне мүмкіндіктер туды. Сөйтіп ғасырлар бойына қалыптасқан әдет-ғұрып, дәстүр, дүниетанымдық көзқарас күйзеліске ұшырап, олардың орнына қоғамда қалыптасқан жаңа жағдайларды түсіндіретін

тың көзқарас кең өріс ала бастады. Бұл көзқарас қияли заңдылықтарға сүйенген мифологиялық дүниетаным мен жаңадан дүниеге келіп жатқан білім және ойлау қабілетінің арасындағы қайшылықтарды шешуге тырысты. Бірақ, мұндай көзқарас әлі де болса философия емес еді. Себебі, ежелгі шығыста өндірістік тәсілдің баяу қалыптасуы, философиялық ой-пікірдің сол кездегі жетістіктерімен нашар байланыста болуы, шығыс философиясының діни-мифологиялық көзқарастан, күнделікті әдептілік санадан толық арылуына мүмкіндік бермеді.

Дегенмен де, табиғат құбылыстары мен олардың арасындағы өзгерістерді сиқырлы, танылмайтын беймәлім күштердің құдыретінен деп ұғып, адамға ұқсас құдай бейнесін жасау – абстракциялы ойлау процесінің жетілгендігін көрсетіп, дүниетанымдық көзқараста философияның жеке бағыт қалыптасуына қажетті алғы шарт болды. Осының нәтижесінде, кезінде жоғары деңгейдегі мәдениеттің арқасында әлемге әйгілі болған шығыс елдердің философиялық ілімдері қалыптасты.

Ғылым тарихының ролі мен маңызы келесі мәселелерді қарастырады. Біріншіден, әр түрлі табиғи салалар мен әлеуметтік әлемдегі ізденулерді ынталандырады; екіншіден, білім дамуының кең көлемді ауқымына ие; үшіншіден, білімге қол жеткізу жолдары, әр түрлі объектілерді игеру формалары мен тәсілдері туралы ақпаратты шоғырландырады; төртіншіден, зерттеушілердің назарын болашағы жоқ, тығырыққа тірелер жағдайларға аударып отырып, ғылым адасулар мен қателіктерге алып келетін ойлар мен гипотезалардың пайда болу мүмкіндігінен сақтандырады. Табиғатты тану жолдары мен логикасын пайда болу процесін, іргетасты деректердің, ғылым теориялары мен әдістерінің өзгертілуін, объективті шынайылықты танудағы орны мен рөлін зерттей отырып, ғылым тарихы зерттеушінің ойлау мәдениетін байытады, қазіргі заманғы ғылымның теориялық негіздерін қалыптастырып, нақты жаңа мәселелердің қойылуына негіз болады. Ғылым мен техниканың тарихы табиғи әлемнің заңдары мен нормаларының қалыптасуына, оның дамуының объективті логикасына маңызды құрал ретінде әрекет етеді.

Қ.Қ. Қарабаев

14 БІЛІМ. ПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 37

14.02.21.018. **Балалармен жұмыс жасаудағы арт-технологиялар** : оқу-әдістемелік құрал / З.Б. Мадалиева, М.К. Жолдасова ; әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық ун-ті. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 136 б.

Білім беру мекемесіндегі арт-терапия – бұл көркем шығармашылық арқылы түзету және дамыту әдісі. Арт-терапия – балалармен жұмыс жасауда, әсіресе баланың өз эмоциялық күйін сөзбен жеткізе алмаған жағдайда зерттеу, дамыту және гармонизация үшін тиімді құрал. Оқу құралының бірінші бөлімінде балалармен, жасөспірімдердің және олардың ата-аналарымен түзету-дамытушылық жұмыста жиі қолданылатын әдістері, ал екінші бөлімде арт-терапиялық жаттығулар берілген. Арт-терапия сөзін қазақшаға тікелей аударғанда «өнермен емдеу» деген мағынаны білдіреді. Оны ғылымға, жалпы қолданысқа ең алғаш енгізген Андриан Хилл болды. Арт-терапияға қатысушылар саны 15-20 адамнан аспау керек. Арт-терапия негізінде жеке-дара шығармашылық жұмыс жасау үшін бөлме кең, кедергілер жоқ әрі жарық болуы қажет. Жұмыс жасау үшін әртүрлі құрал қолданылады. Атап айтсақ, түрлі-түсті қарындаштар, әртүрлі мөлшердегі щеткалар, губка, суы бар құты, палитра, түрлі-түсті қағаздар, қоржын, желім, жіп, т.б. Ереже бойынша сабақтың тақыры-

бын психолог таңдайды. Алғашқы кезде арт-терапияны жүйке жүйесі бұзылған науқастарды емдейтін ауруханаларда эмоциялық бұзылулардың көрінісі бар адамдарға ғана қолданған. Қазіргі уақытта арт-терапия тек аурухана бөлімдерінде ғана емес, психокоррекциялық жұмыста көмекші әдістеме ретінде қолданылады.

XX ғасырдың екінші жартысында алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда, техниканың даралануы тым қиынға соқты. Арт-терапия психотерапияның саласы ретінде енді ғана қарқынды дамуда. Қазіргі таңда арт-терапия өнерге қатысты барлық қызмет түрлерінде психотерапиялық мақсаттарға қолданылып келеді. Арт-терапия - өз ойын еркін білдірудің және өзін-өзі танудың әдісі. Адамның жан дүниесіне назар аударуды, төзімділікті, сенімділік атмосферасын анықтайды. Арт-терапияны бастауыш мектеп және мектепке дейінгі жастағы балаларға белсенді түрде қолдану олардың шығармашылық тұрғыдан дамуына зор ықпал етеді. Мектепке дейінгі балалар үшін бір ерекшілік бар: олар салған көркем шығармашылық бейнелер танымдық процестердің барлық түрін көрсетеді (қорқыныш, ішкі кикілжің, психикалық жарақат, балалық шақтағы естелік т. б.).

Әлеуметтік-педагогикалық процесс жүйесінде кездесетін әртүрлі және көптеген ақауларға байланысты арт-терапиялық түзету жұмысы әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қажет етеді. Түзету жұмысының әлеуметтік-педагогикалық бағыты, негізінен, екі жолмен: өмірде өнер шығармасында ақиқатты эстетикалық қабылдау қабілетін тәрбиелеу; өнермен байланысты іс-әрекет (әдеби-сөздік, музыкалық, театрлық-ойындық) арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта, білім беру және қоғамда күрделі өмірлік жағдайда жасөспірімдерге қалай көмектесуге болатыны, сонымен қатар қолдау туралы сұрақтар - аса өзекті мәселе. Соңғы кездері психологтар эмоциялық немесе мінез-құлықтың бұзылыстары бар «қауіпті топ» жасөспірімдермен жұмыс жасағанда арт-технологияларды жиі пайдалануда. Түзету-дамыту жұмыстарында бұл технологияны пайдалану тек эмоциялық өзгеріске немесе балалардың мінез-құлық модельдерін өзгертуге ғана емес, сондай-ақ олардың мектептегі үлгерімен жақсартуға да әкеледі. Арт-терапиялық сабақтар жеке түрде, сондай-ақ топтық түрде де жүргізіледі. Жұмыстың жекеше түрінде әр сабақта құрал-жабдықтар мен технологиялардың неше түрлісі қолданылған кез-келген тақырып қарастырылады. Арт-терапиялық жұмыстың топтық түрі студиялық, аналитикалық және тақырыптық болып бөлінеді. Арт-терапиялық сабақтар қорқыныш атмосферасын, «адамдар арасындағы жалғыздық» сезімін, әдетте, сенімсіздік сезімін тудыратын, абыржу, дәрменсіздік, ал кейде агрессивтік қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтарды жеңуге көмектеседі.

К.Н. Қасымбекова

15 ПСИХОЛОГИЯ

ӘОЖ 159.9

15.02.21.019. **Дос табу және адамдарға ықпал ету өнері** = How to Win Friends & Influence People / Дейл Карнеги; «Мазмұндама» қоғамдық қоры ; ауд. О. Арман – Алматы : Мазмұндама, 2021. – 312 б. – (Qazaqsha 100 bestseller).

Дейл Карнегидің «Дос табу және адамдарға ықпал ету өнері» деп аталатын бұл кітабы алғаш рет 1937 жылы бес мың данамен жарық көрген. Дейл Карнеги де, Саймон мен Шустер сияқты баспагерлер де кітаптың таралымы бұдан көп болады деп еш күтпеген еді. Кітаптың аз уақытта барлық жұртқа танылып, халықтың сұранысы бойынша бірнеше рет басылып шығуы баспагерлер үшін күтпеген жағдай болған. Осылайша, халықаралық бестселлерге айналған алғашқы кітаптардың бірі ретінде «Дос табу және адамдарға ықпал ету өнері» деп аталатын бұл еңбек баспа тарихының беттеріне алтын әріптермен жазылды. Кітапты әлемнің барлық дерлік жазба тіліне аударған. Әр ұрпақ бұл кітаптан өзіне жаңалық ашып, пайдасын көріп отыр. 1955 жылы қайтыс болғанға дейін Дейл Карнеги бұл кітабын қайта-қайта қарап, оны халықтың сұранысына жауап бере алатындай етіп өңдеп келді. Ол

өзінің білім беру әдістерін үнемі жетілдіріп, өзгерістер енгізіп отырды, шешендік өнерге қатысты кітабын бірнеше рет қайта жаңғыртып отырды.

Кітаптың мазмұны Алғы сөзден, Бұл кітап қалай және не үшін жазылды? Бұл кітапты қажетіңізге жаратар тоғыз кеңес, Адамдармен тіл табыса білудің негізгі қағидаттары, Адамға ұнауудың алты амалы, Ойыңызбен келісуге адамдарды қалай көндіруге болады? Көшбасшы бол: ренжітпей немесе өкпелетіп алмай адамдарды қалай өзгертуге болады? атты 4 бөлімнен және Танымалдыққа бастар қысқа жол, Үндеу және «Мазмұндаманың» кітапханасы тақырыптарынан тұрады. Төңірекпен тіл табысудың қыр-сырын насихаттаған педагог, лектор, қаламгер, психолог Дейл Карнеги жарық көрген 1937 жылдан бері қарай 15 миллионнан астам данамен таралған өзінің аңызға айналған кітабында адамдармен тіл табыса білудің негізгі қағидаттары, адамға ұнауудың алты амалы, ойыңызбен келісуге адамдарды қалай көндіруге, ренжітіп алмай адамдарды қалай өзгертуге болатынын жан-жақты жазған. 80 жылдан астам уақыт бойы ондаған тілге аударылып, миллиондаған тиражбен таралған бұл кітап оқырмандардың көңілінен шығып, өмірде бақытқа кенелтіп, қызметте жетістікке жетуге көмектесіп отырды. Қай тілде, қай заманда айтылса да, Дейл Карнегидің кеңестері әлі күнге дейін құнды әрі маңызды. «Мазмұндама» қорының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Qazaqsha 100 bestseller» жобасы аясында аударылған.

Р.М. Күздеубаева

ӘОЖ 159.9

15.02.21.020. **Логотерапия немесе өмірге құштарлық** : отбасы хрестоматиясы /жобаның авт. С. Керімбай ; құраст. : М. Төлеген, Ә. Нәби, С. Тайғарин. – 4-бас. – Алматы, 2021. – 472 б.

Логотерапия дегеніміз – гректің «Логос» сөзін «Мән» деген мағынада алған. Қазақша «Хикмет ілімі» дейміз. Ал терапия – «ем» дегенді білдіреді. Екеуі «Мәнмен емдеу» немесе «Хикмет шипасы» деген мағынаны білдіреді. Бұл еңбек қазіргі адамның бітім-болмысын құндылық ретінде талдап, бағалауға ұмтылған. Сонымен қатар әлемдік деңгейдегі философ Виктор Франклдің зерттеуін қазақша тәржімелеп жеткізуді мақсат еткен. Адамды тануға ұмтылыс – ежелден келе жатқан түрлі ғылыми саланың зерттеу нысаны. «Бұл ілім Еуропа жұртына арналған ғылым. Бізге Логос деген таңсық» деп бөтенсудің жөні жоқ. Екіншіден, «хикмет» сөзі Яссауидің «Диуани хикметі» арқылы ежелден таныс. Логотерапия немесе өмірге құштарлық атты кітаптың негізгі идеясы – адам рухани құндылығын лайықты деңгейге көтеру. Бұл еңбек психология бойынша жазылған кітаптардан ерекше. Өмір-сүйгіштікке тәрбиелеу, халқымыз қадірлейтін құндылықтарды бағалауға шақыру, адамның биік қалауы мен арманы жайлы түрлі ой-пікірлер егжей-тегжейлі берілген. Адамдардың өмір мәнін табуға талпынысын зерттеген психолог ғалымдардың біреуі - Виктор Франкл. Кітаптың 60-65 пайызы Виктор Франклдің «Өмірден Мән іздеген адам атты кітабынан алынды.

Франклдің философиялық ойлары, танымы қазақ тілінде қарапайым берілген. Кітапта халықтың рухани сұранысына сай келетін жаңа пайымдаулар, тың көзқарас, мол дерек қолданылған. Қазақ ойшылдарының ғана емес, қисса, аңыздар, әлемдік классикалық даналықтың озық үлгісінен үзінділер берілген. Виктор Франкл Освенцум мен Дахауда (концлагерь) бастан кешкен тәжірибесіне сүйеніп, логотерапия саласының негізін қалаған. Адамның рухани дүниесіндегі проблемаларға, невроздарға қатысты тың идеялар ұсынған. Әлбетте Ұлы Мәнге, биік арманға ұмтылу дұрыс. Адамның талпынысы соңғы демі үзілгенше тоқтамауы тиіс. Бізді Мәнмен жалғайтын алтын көпір – құндылықтар. Әр адамның даралығы мен өзгешелігі - адамзат болмысының бөлінбес бөлшегі, осы өзгешелікті өмір бойы дамытып, дараландыра түсу. Логотерапияның маңыздылығы мен құндылығы дәлелденді. Сондықтан кітап мектеп жасындағы оқырмандарға арналып жазылған. Қазіргі кезде оқушылар арасында суицид жиі кездеседі. Логотерапиямен оқып, танысқан соң ел-жұрт суицидтің шығу себебін жақсырақ түсінеді. Ал аталмыш бұл кітап - оқырман қауымның қазіргі заманның көптеген көкейтесті сауалдарына жауап бере алады

деп айтуға болады. Виктор Франкл суицид проблемасын тоқтатқан әлемдегі жалғыз психоаналитик болып саналады. Франклдің Логотерапиясы мындаған адамды өзіне қол салудан сақтап қалды. «Өмірімде мүлде Мән жоқ, өзіме қол салудан басқа амал қалмады» деп түңілген ең шарасыз адамның өзін оп-оңай тұйықтан шығарып алған – Кітап. Не үшін өмір сүреміз? деген толып жатқан сұрақтарға адам кітапты оқып шығу арқылы жауап табады. Өмірде кез келген уақытта Мән табуға болатынын, кез келген сұрақтың нақты әрі түйінді жауабы бар екенін, адаспау үшін мүмкіндіктің молдығын көрсететін Франклдің Логотерапиясы адамның іс-әрекет арқылы өзін жақсы жаққа өзгертуге, ал өмірлік өткелдерді жауапты әрекет ету мүмкіндігі ретінде қарастырды.

Логотерапия тұлғаның мінез-құлқындағы және оның дамуындағы негізгі қозғаушы күш адамның өз өмірінің мән-мағынасын іздеу мен жүзеге асыруға ұмтылысы болып табылатынын негізге алады. Ізгі ниетпен жасалған әрбір қадамың артында қалған ізің, бұлақтай таза сезіммен өмірге ғашық көзбен қарауыңның өзі үлкен бақыт деп білеміз. Әрбір заманауи адам – болашақ дүниені жаратушы, ал әрбір адамның еңбек қызметі қоғам дамуына инвестиция. Өз құндылығын сезінген адам қоғамның, адамзаттың игілігі үшін жақсы іс-әрекеттер жасауды қалайды, олар өздеріне прогрессивті болашақтың бастамашылары ретінде сезінеді, өйткені олар осындай уақытта өмір сүруге бақытты болды. Өмір Адамға бір-ақ рет беріледі! Осы кітап арқылы қазақ оқырмандарына әлемдік классикалық ой-танымның жоғары және дұрыс деңгейде қабылданып, тұлғалық рухани қалыптасуда теориялық зерделеуде ғана емес, тәжірибелік мағынада көмегін тигізеді.

К.А. Бахина

21 ДІН. АТЕИЗМ

ӘОЖ 2

21.02.21.021. **Қасиетті Құран:** мағынасы мен түсініктемелері /араб тілінен ауд. Е. Оңғар ; ред. Н.Мұратәлі. – Нұр-Сұлтан : Muftiat, 2020. – 1016 б.

Қасиетті Құран – керемет хикметтерге толы мәңгі мұғажиза Кітап. Ол адамзаттың өсіп-өрлеу дәуірі мен бүгінгі жетістіктерін және болашағын баян етеді. Екі дүние бақытына жетелейтін бағдаршам іспетті Құран – адамзатты надандықтан, зұлымдықтан тура жолға, ілім мен өркениет жолына бастайтын Хақ кітап. Қасиетті кітабымыз өмірдің барлық саласын қамтыған, адамның адамға тән өмір сүруін үйрететін Алланың кемшіліксіз кемел сөзі. Құран – ешқашан ғасыр соңында қалмайтын, керісінше ғасырды, заманды өз соңына жетелейтін, Жаратушыдан күллі адамзатқа түскен ұлы сөз. Ғылым жолына түскен жан өзін толғандырған сұрақтың жауабын осы кітаптан табады. Құранды оқып, оның мағынасы мен тәпсіріне терең үңілген сайын таным көкжиегің кеңіп, ғылыми жаңалықтармен сусындап, Алланың шексіз Құдірет Иесі екенін түсінесің.

Кітаптан біз соңғы ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді ұтымды пайдалану арқылы Құран аяттарының құпиясын ашуға деген ұмтылысты байқаймыз. Құранда 114 сүре бар, 6 236 аят бар, «Құран Кәрім» сөзі 79 000 рет қайталанған және Құранда 323 670 әріп бар. Бір мұсылман Құранды толық оқып шықса әр әрпіне 10 сауаптан алады. Құран Кәрім – берекенің бастауы. Ол оқылған, оған амал етілген үйде, жерде, елде тыныштық орнайды, Алланың берекеті болады. Құран Кәрім өзіне ұмтылған жандар үшін – үміт көзі. Ғылыми тұжырымдарға негізделіп, бұлтартпас дәлелдермен байытылған тәпсірлер Құран мағынасының жаңа аудармасының құндылығын арттырып отыр. Тәуелсіздік алғалы бері елімізде оннан астам Құран кітабының мағынасы мен түсінігі жазылып, жарық көрген. Бұл сауапты іс әлі де жалғасын табуда. Бүгінде ғұлама-ғалымдарымыз қасиетті кітаптың мағынасын аударумен қатар, тәпсірін де жазып, Жаратқанның сөзін жамағаттың жүрегіне ұялатуда.

Ал осы Құран – қазақ тіліне сапалы, сауатты түрде аударылып отырған қасиетті кітап. Аударма барысында тілімізге араб, парсы, түркі тілдерінен енген теологиялық терминдер барынша ділімізге сай баламасымен көркем тілде көрсетіліп отыр. Құранды араб тілінен аударған – исламтанушы, PhD доктор Ершат Оңғар, ал қазақ тілінің әдеби мәнерімен өрнектеп, редакциялаған – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, прозаик, аудармашы Нұржан Мұратәлі. Алғысөзін жазған – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы. Аударма ерекшелігі – қасиетті аяттар араб тіліндегі түпнұсқадан аударылған, аяттардың қазақша мағынасы берілген, аяттың тәпсірі, түсініктемесі мен тарихы жан-жақты жазылған, сүренің қазіргі ғылыммен байланысы баяндалған. Тарихи хикаяларды, пайғамбарлардың ғибратты оқиғалары мен өнегелі өмірлерін тәпсір үшін тиімді қолданған. Кітапта сүренің түсу себебі мен тарихы жан-жақты ашылған. Құран кітабының жаңа аудармасында Имам Ағзам Әбу Ханифа, әл-Бухари, әл-Матуриди, әл-Нәсәфи, әт-Табари, әл-Құртуби, Ибн Касир, әл-Жәлелейн, Ибн Хишам, әл-Әлуси, ән-Науауи, ас-Сабуни және тағы басқа Ислам ғұламаларының дәстүрлі еңбектері қолданылып отыр. Құнды қазынаның бар нәрін қазақ тілінің қалыптасқан грамматикалық ережелеріне сай сөйлемдермен өрнектеп, нәрлі әдеби тілмен көркемдеп жеткізген.

Кітапта алғысөз, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, ескертулер, Құранда аталған пайғамбарлар, Қасиетті Құран сүрелері мен аяттарға берілген тақырыптық сілтемелер, мазмұны берілген.

Р.М. Күздеубаева

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Алексеев А.Н. (014)
Арман О. (019)
Аубакирова Ж.С. (014)
Ахметжанов Н.К. (012)
Аяған Б. (010)

Б

Байболов Б. (012)

В

Вдовухина Т.В. (016)

Ғ

Ғабитов Т.Х. (017)

Д

Далаева Т. (004)
Дәуітұлы С. (005, 009)
Дүйсенова Н.К. (016)

Ж

Жолдасова М.К. (018)
Жүнісбеков Б.Ж. (003)

И

Игілікова С.И. (016)
Исаев М. (012)

К

Карнеги Д. (019)
Керімбай С. (020)

Қ

Қарабасов Ж.Қ. (006)

Қинаятұлы З. (007, 008)
Қожа М. (012)
Қойгелдиев М.Қ. (004)
Құдайбергенова Н.Ж. (002)
Қыдырәлі Д. – 015

М

Мадалиева З.Б. (018)
Марғұлан Ә.Х. (013)
Мұратәлі Н. (021)
Мұтанов Ғ. (001)
Мырзатаева З. (004)

Н

Нәби Ә. (020)
Нұрханов Б.Ө. (012)

О

Оңғар Е. (021)
Оспанова Б.Қ. (003)

С

Сейфулла А. (005)
Сейілхан Т. (005)
Смағұлова С.О. (016)
Сұлтанов Т.И. 011

Т

Тайғарин С. (020)
Тастанбеков М.М. (012)
Телеген М. (020)

Ш

Шаметов С. (012)

РЕФЕРАТТАЛҒАН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗБЕСІ

Мерзімді және жалғасты басылымдар

Кітаптар

Аубакирова, Ж.С., Алексеенко А.Н. Демографиялық тарих контексіндегі қазақтар = Казахи в контексте демографической истории : монография / Ж.С. Аубакирова, А.Н. Алексеенко. – Нұр-Сұлтан : Шаңырақ-Медиа, 2020. – 400 бет : сур. – (Рухани жаңғыру) - 014

Ащысай-Кентау тұрғындары өміріндегі әлеуметтік-мәдени бірегейлік (1927 ж. ХХІ ғ.б.): ұжымдық монграфия / М. Қойгелдиев, З. Мырзатаева, Т. Далаева [ж.б.] ; Абай атындағы Қазақ ұлттық пед. ун-ті ; «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы ; Қазақстан тарихшылар қауымдастығы. – Алматы : Балауса, 2020. – 464 бет ; 21 см. – (Рухани жаңғыру). - 004

Аяған, Бүркітбай. Ұлық Ұлыс – Алтын Орда мемлекеті тарихы: Дәрістер жинағы /Бүркітбай Аяған. – Алматы : «Литера-М» ЖШС, 2020. – 216 б. - 010

Әбу Насыр әл-Фараби: энциклопедия / бас ред. Ғ. Мұтанов . – Алматы: Қазақ Университеті, 2020. – 680 б. + 20 б. жапсырма. - 001

Бәйдібек баба : жинақ / құраст. С. Дәуітұлы ; жоба жетекшілері: А. Сейфулла, Т. Сейілхан.– Алматы : Полиграфкомбинат, 2021. – 208 б. - 005

Бекмаханов Ермұхан Бекмаханұлы: Ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ермұхан Бекмахановқа арналады / құраст.: С.О. Смағұлова, Н.К. Дүйсенова, С.И. Игілікова ; библиогр. ред. : С.О.Смағұлова, С.И. Игілікова, Т.В. Вдовухина. – Алматы : «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, 2020. – 360 б., сур. – («Қазақстан ғылымының көрнекті қайраткерлері» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы). - 016

Ғабитов, Т.Х. Ғылым тарихы мен философиясы : ЖОО-ның магистранттары және аспиранттарына арналған оқулық / Т.Х. Ғабитов. – Алматы : Лантар Трейд, 2019 – 334 б. - 017

Ел және Елбасы: мақалалар жинағы / жоба жетекшісі Д. Қыдырәлі. – Нұр-Сұлтан: Ғылым баспасы, 2021.- 272 б., 16 бет жапсырма. - 015

Жүнісбеков, Б.Ж. Абайдың ақын ұлдары : Ақылбай, Мағауия, Турағұл, Әубәкір /Б.Ж. Жүнісбеков ; ҚР Ұлттық кітапханасы ; жалпы ред. басқ. Б.Қ. Оспанова. – Алматы : Асыл кітап, 2020. – 1004 б. - 003

Исаев, М., Байболов Б., Шаметов, С. Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар = Ханы и султаны, похороненные в Туркестане = Khans and sultans, buried in Turkestan / М.Исаев, Б.Байболов, С.Шаметов ; «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ; жауапты ред. Н.Қ. Ахметжанов ; редаққа: М.М. Тастанбеков, Б.Ө. Нұрханов, М. Қожа. – Түркістан : Золотая Книга, 2019. – 176 бет : сур. - 012

Карнеги, Д. Дос табу және адамдарға ықпал ету өнері = How to Win Friends & Influence People / Д. Карнеги; «Мазмұндама» қоғамдық қоры ; ауд. О.Арман. – Алматы : Мазмұндама, 2021. – 312 б. - 019

Қасиетті Құран: мағынасы мен түсініктемелері / араб тілінен ауд. Е. Оңғар ; ред. Н.Мұратәлі.– Нұр-Сұлтан : Muftiat, 2020. – 1016 б. - 021

Керімбай, С. Логотерапия немесе өмірге құштарлық : отбасы хрестоматиясы / Жобаның авт. С. Керімбай ; Құраст.: М. Төлеген, Ә. Нәби, С. Тайғарин. – 4-бас. – Алматы, 2021. – 472 б. - 020

Қарабасов, Ж.Қ. Генерал-губернатордың Қордайлық тілмәші / Ж.Қ. Қарабасов. – Алматы : Таугуль-Принт, 2021. – 160 б. - 006

Қинаятұлы, З. Тарихқа көзқарас. 1-том / З. Қинаятұлы. – Алматы : Мерей, 2017. – 456 б. - 007

Қинаятұлы, З. Тарихқа көзқарас. II том / З. Қинаятұлы. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2020 – 400 б. - 008

Құдайбергенова, Н.Ж. Конфуций және Кант рухани құндылықтар үндестігі : монография /Н.Ж. Құдайбергенова ; әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық ун-ті. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 178 б. - 002

Мадалиева, З.Б., Жолдасова, М.К. Балалармен жұмыс жасаудағы арт-технологиялар : оқу-әдістемелік құрал / З.Б. Мадалиева, М.К. Жолдасова ; әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық ун-ті. – Алматы : Қазақ университеті, 2021. – 136 б. - 018

Марғұлан, Ә.Х. Сарыарқа. Қола дәуіріндегі тау-кен ісі және металлургиясы. Жезказған - көне және ортағасырлық металлургия орталығы (Милықұдық қалашығы) = Сарыарқа. Горное дело и металлургия в эпоху бронзы. Жезказған - древний и средневековый металлургический центр (Городище Милыкудук) / Ә.Х. Марғұлан ; Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты. – Алматы, 2020. – 2-шығ. – 432 бет : сур., кестелер. - 013

Сұлтанов, Т.И. Темір және оның империясы / Т.И.Сұлтанов. – Алматы : «Мектеп» ЖСШ-і, 2021. –152 б. – («Жетінші сөз» сериясы). - 011

Төле би: Танымдық мақалалар, құжаттар, зерттеулер / құрастырған С. Дәуітұлы. – Алматы: «Полиграфкомбинат» ЖСШ-і, 2021. – 308 б. - 009

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-------|
| 02 ФИЛОСОФИЯ | 2-4 |
| 03. ТАРИХ. ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ..... | 4-16 |
| 03.41 АРХЕОЛОГИЯ..... | 17-18 |
| 05 ДЕМОГРАФИЯ..... | 18-19 |
| 11 САЯСАТ. САЯСИ ҒЫЛЫМДАР..... | 20-21 |
| 12 ҒЫЛЫМТАНУ..... | 21-23 |
| 14 БІЛІМ. ПЕДАГОГИКА..... | 23-24 |
| 15 ПСИХОЛОГИЯ..... | 24-26 |
| 21 ДІН. АТЕИЗМ..... | 26-27 |
| ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ..... | 28 |
| РЕФЕРАТТАЛҒАН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗБЕСІ..... | 29-30 |